



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№37 (626)
18 қыркүйек,
2025 жыл

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

«Талаптының балғасы тасқа шеге қағады» деген қазақтың бүгінгі жасының ойы – озық. Сол жастың кеуде сарайындағыны деп басып, ел келешегі атанған толқынның төл басылымына айналған «Ақмешіт жастарында» осыдан он жылдай бұрын қалам тербеген едік. Сағаттың тілі айналып соғып, бүгін сол ортаға қайта оралдық. Бір кездері өзім тілші болған газеттің тізгінін ұстау бұйырды. Бәлкім, ойда орындалмаған жоспар мен мақсат һәм миссия болған шығар...


Басылым тәуелсіз еліміздегі тұңғыш жастар газеті ретінде алғашқы қадамын нық басты. Содан бері қаламынан туған әрбір ойы оқырманның жүрегіне жол тапқан талай жас еңбек етті. Ел ішіндегі талантты, талапшыл, қатарының алдына шыққан шын жүйріктерді көптің алдына шығардық, жастарға қажеттіні тақырыпқа тиек етуге тырыстық. Міне, жастардың төл басылымы сол мақсаттан әлі де тайқын жоқ, сол биіктен әлі түскен жоқ. Ендігі мақсат та сол: «Ақмешіт жастарының» жарқын болашағы жолында еңбек ету.

Басылым тек жастар тақырыбымен шектелмейді. Қоғамның барлық саласын қамти отырып, көкейкесті мәселелерді де қаузады. Алдағы уақытта да сол үлден шығатынына сенім мол. Біздің де еңбек сол жолда болмақ. Ал артылған жауапкершіліктің жүгі жеңіл емес.

«Қаламмен жазылғанды балтамен кесе алмайсың» деген бар. Газет бетінде жазылған әрбір тың тақырып қоғамдағы өмір шындығының суретін салады. Ол араға уақыт салып, тарихқа айналады. Сондықтан қолыңызға алып, оқып отырған басылым – тарихтың бір беті. Ендеше, оқырман, бізбен бірге болыңыз!

Дәулет ҚЫРДАН

ЖИЛ: ЖАҢА КЕЗЕҢ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында жасанды интеллект пен цифрландыру мәселесін айрықша атап өтті. Президент сөз басында «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» деп қадап айтты. Бұл міндетті орындау үшін алдымен Цифрлық кодекс қабылдау қажет екенін де еске салды. Жаңа заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, жасанды сананы дамыту, платформалық экономика мен деректер қорын пайдалану секілді мәселелер қамтылуға тиіс.

Сонымен қатар Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру жөніндегі тапсырма көп талқыланған әрі қоғам назарын аударған жаңалыққа айналды. Бұл жаһандық бәсекелестік ушығып тұрған кезеңде Қазақстан үшін стратегиялық шешім болмақ. Себебі цифрландыру тек экономиканың тиімділігін арттырмайды, мемлекеттік басқаруды жаңғыртатын, жаңа мамандық пен жұмыс орындарын қалыптастыратын маңызды фактор. Президенттің бастамасы қоғамда үлкен серпіліс тудырып, Үкімет пен сала мамандарына нақты міндет қойды. Айта кетерлігі, жаңа

министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы тиіс деген пікір де бар.

Сонымен тапсырма берілді. Арада бір жұмыс аптасы өтті. Жауаптылар не істеп жатыр? Ал жаңа министрліктен жастар не күтеді?

2-БЕТТЕ

ӘЛЕУЖЕЛІ МӘДЕНИЕТІ: ЕРКІНДІККЕ «ЕРКЕЛЕУГЕ» БОЛМАЙДЫ

Бүгінгі қоғамда әлеуметтік желілердің ықпалы күн сайын артпаса, кемітін түрі жоқ. Себебі әр адам ойын еркін жеткізуге, өзінің көңіл күйін немесе бастан кешкен жағдайын ашық жариялауға мүмкіндік алып отыр. Алайда дәл осы шексіз еркіндік кейде бос әуреге салып, пайдалы мәліметтен гөрі тұрпайы сөздер мен қисынсыз әңгімелердің көбейіп кетуіне себеп болып отыр.

«TikTok», «Threads», «Instagam» секілді басқа да платформаларда күн сайын миллиондаған жазба жарық көреді. Солардың ішінде қоғамға ой саларлық, мәдениетті пікірден гөрі, адамның жеке басын әшкерелейтін, не болмаса балағат сөздерге толы бейнероликтер жиі кездесетіні жасырын емес. Қоғамдық ортада қалыптасқан нормалар мен әдеп өлшемдері әлеуметтік желінің шексіз алаңында көп жағдайда өз орнын таба алмай, «құмға сіңген судай» еленбей бара жатыр...

3



ӘЛЕМДІ ТАҢУ ӨЗІНДІ
ТАНУДАН БАСТАЛАДЫ

5-БЕТТЕ

ӘУЕЛБЕК ҚОҢЫРАТБАЕВ — КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛҒАН ҒАЛЫМ

Әр заманның заңы бар. Заман өзгерсе де, әлгі еңбегімен ел есінде қалған биік тұлғалардың есімі өшпейді. Керісінше, уақыт өткен сайын, жаңа буын күш алған сайын, әлгі есімдер жаңғыра береді.

Биыл – қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі, фольклортанушы, түрколог, шығыстанушы, жазушы, педагог-әдіскер, журналист, филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл. Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан осы тұлғаны бүгінгі жастар біле жүрсе, өткеннің өнегесі қазіргі ұрпақтың санасына сәуле шашары сөзсіз. Әуелбек Қоңыратбаев – тек

ғылыми еңбектерімен ғана емес, сонымен бірге ұрпақ тәрбиелеудегі қызметімен де ел жадында қалған тұғырлы тұлға. Оның сан қырлы өмір жолы мен табанды еңбегі қазіргі жас буынға үлгі-өнеге боларлық. Осы жазбада, замандастарымызға аңыз тұлғаны таныстыру үшін, Қоңыратбаев туралы ел айта бермейтін ақпараттарға аз-кем көз жүгірткен едік.



4-бетте

ЖАСТАРҒА СЕНІМ ЖЕТПЕЙДІ



Кейінгі жылдары олар волонтерлік бастамаларға қосылып, әлеуметтік желілер арқылы пікір білдіріп, қоғамдық науқандарға белсенді араласып жүр. Бірақ олардың шынайы ықпалына қоғам басқаша қарайды. Десе де, қазақстандық қоғамдық даму институтының зерттеушілері жүргізген әлеуметтік сауалнама оң пікір тууына түрткі болып отыр.

Сауалнамаға қатысушылардың алтыдан төртті жастарды қоғамдағы өзгерістердің қозғаушы күші деп таныған. Бұл – 59,8 пайыз азамат жастарға сенім артады деген сөз. Дегенмен, халықтың төрттен бір бөлігі, яғни 25,8 пайызы жастардың ықпалын төмен бағалайды. Тағы бір бөлігі – 16,8 пайыз респондент жастардың ролін орташа деңгейде ғана деп есептейді. Ең қызығы, көзқарастар буынға қарай өзгереді. 18 бен 28 жас аралығындағы жастардың өзі азаматтық қоғамдағы рөліне сенімді екенін көрсетті, олардың үштен екісінен астамы бұл сұраққа оң жауап берген. Ал 61 жасан асқан үлкен буынның небәрі бес адамның бірі ғана жастарға сенім танытқан. Бұл айырмашылық елде ұрпақтардың қоғамдағы орынды қабылдауында үлкен алшақтық бар екенін көрсетеді.

7-бетте



15 МЫҢ ЖЫЛДЫҚ МАМОНТ
СҮЙЕГІ ТАБЫЛДЫ

8-БЕТТЕ

ЖИ: ЖАҢА КЕЗЕҢ

Басы 1-бетте

Жаңа министрлік пен цифрландыру туралы Үкімет отырысында да талқыланды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, Alem.ai жасанды интеллект орталығы құрылады.

– Алдағы 5 жылда 1 миллион азаматқа жасанды интеллекттің дағдыларын үйретеміз. Халықаралық Aiem.ai жасанды интеллект орталығы құрылады. Ол білім ғылым, бизнес және мемлекеттік технологияларды біріктіреді. «Digital Қазақстан» тапсырмасы шеңберінде мемлекеттік органдармен бірлесе 72 саланы қамтитын 19 цифрлық трансформация картасы қалыптастырылды, – деді министр.

Жиында Үкімет басшысы жасанды интеллект туралы заң жобасын тез арада пысықтауды тапсырды.

– Цифрландыру және жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі Digital Қазақстан тұжырымдамалық құжатын әзірлеуге кірісу керек. Жауапкершілікті ара жігін бөліп беру керек. Құжатта тиісті нәтижелер көрініс табу керек. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру туралы Президент жарлығының жобасын енгізуге тиіс, – деді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Ал Цифрлық кодекс бойынша
Жаслан Мәдиев:

– Жарлықтың жобасы әзірленді, қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың келісуінде жатыр. Цифрлық кодексті Парламент Мәжілісі қарап жатыр. Оны пысықтау Мәжіліс жанынан құрылған құзыреттер орталығының негізінде жүргізілуде. Кодекс жобасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде GitHub сайтында жарияланады. Құжат Мемлекет басшысы белгілеген мерзімде қабылданады, – деп бөлісті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Жасанды интеллект институтының директоры Нұрлан Құлмырзаевтың айтуынша, ЖИ мемлекеттің қуатын айқындайтын басты құралға айналған. Бұл – тек технология емес, жаңа геосаяси және экономикалық бәсекенің орталығы.

– Мемлекет басшысы Жолдауда цифрландыруды жүйелі түрде үйлестіретін жаңа деңгейдегі органның қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі. Бұл министрліктің міндеттері қандай болуы тиіс? Біріншіден, ұлттық стратегияны үйлестіру. ЖИ тек жеке жобалар деңгейінде емес, барлық салаға экономика, білім, денсаулық сақтау, қауіпсіздікке енгізілу керек. Екіншіден, ұлттық қауіпсіздікті

қорғау. ЖИ құралдары үлкен деректерді өңдейді, ал бұл киберқауіпсіздікті күшейтуді қажет етеді. Үшіншіден, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Жана технологиялар тек Астанаға немесе ірі бизнеске ғана емес, ауылдағы азаматқа да пайда әкелуі тиіс. Төртіншіден, инновациялық өкүжәуіні қолдау. Старттаптарға қолайлы орта құрып, қазақстандық жобаларды халықаралық деңгейге шығару – министрліктің басты бағыты болуы керек, – деді ол.

Жоғарыда айтқанымыздай, ел жастары бұл министрліктен не күтеді? Өңірлік хабтарда қандай өзгеріс болуы мүмкін? Осы орайда Kyzylorda Hub жетекшісі Жанарыс Тубекбаевпен пікір алмастық.

– Қазақстанда жасанды интеллект бағытына ерекше көңіл бөлініп отыр. Мемлекет басшысы өз Жолдауында жасанды интеллект мәселесін 32 рет атап өтті, бұл салаға деген мемлекеттік қолдаудың айқын көрінісі. Өңірлік хабтар цифрландыру бағытында тұрақты жұмыс істеп келеді және осы жұмыстар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің негізгі басқаруында жүзеге асырылуда. Жана министрліктің құрылуы өңірлік хабтардың қызметін одан әрі жалғастырып, олардың мүмкіндігін кеңейтетіні сөзсіз.

Бүгінде өңірлік орталықтар, оның ішінде Kyzylorda Hub ЖИ саласын дамытатын орталық ретінде есептеледі. Биылдың өзінде осы бағытта 65-ке жуық іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар AI Movement пен AI Sana бағдарламасында ЖИ дамуына айрықша үлес қосуда. Әр аймақтағы орталықтар AI бағытындағы жобаларды инкубациялау мен қолдауды негізгі ортасы, – деді Жанарыс Түбекбаев.

Ал стартапер Асылжан Абдуллаевтың айтуынша, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы – уақыттың еншісіндегі іс.

– Мұндай құрылым тек инновацияға деген ұмтылыстың белгісі ғана емес, сонымен бірге AI-жобаларды дамытуға, реттеуге және қолдауға нақты құқықтық негіз болатын еді.



Бүгінде еліміздегі біршама заң мен ереже жаңа стартаптар мен deep tech экожүйесіне толық бейімделмеген.

Соның салдарынан құрылтайшылар мен зерттеушілер артық кедергілерге тап болады. Арнайы министрлік осындай кедергілерді азайтып, жаңа технологияларға айқын құқықтық базаны жасап, халықаралық серіктестіктер мен инвестицияларды көбірек тартуға мүмкіндік берер

еді. Мұнан бөлек, бұл қадам Қазақстанның жаһандық деңгейде басқеге ғусе дайын екенін айкын-дайды. Ұзақ мерзімде бұл қадам тек стартаптардың дамуын емес, сонымен қатар денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы сияқты негізгі салалардың цифрлық трансформациясын да жеделдетеді, – деп жауап берді ернарқыш.

Сала мамандарының пікірін оқыдық. Ал жаянданды таяірібеден туюітініміз не? Біз жіі саяхаттайтын Біріккен Араб Әмірліктері 2017 жылы алғашқылардың бірі болып Жасанды интеллект министрлігін құрған. Биыл шілдеде АҚШ Президенті Дональд Трамптың Әкімшілігі «America's AI Action Plan» стратегиясын жариялады. Онда жасанды интеллект АҚШ-тың технология, экономика және қорғаныс салаларында көшбасшы ел болып тұруына қажетті аса маңызды құрал ретінде қаралған. Ал Қытай Жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жаһандық ұйым құру туралы бастама көтерді. Мәқсат – жасанды интеллекттің басқаруға арналған көпжақты тәсілдерді ігерілету, сондай-ақ цифрлық алшақтықты жою, жасанды интеллекттің тұрақты қолдану және оны пайдалану этикасын қалыптастыру. Қазақстанның да жаңа бастамасы жаңа атаумен ғана шектелмеу қажет, әлемдік тенденциядан қалмайтын елдердің бірі болуға жұмыс істеу керек. Себебі UNCTAD болжамы бойынша 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының ауқымы 4,8 триллион долларға жетуі мүмкін. Ал оның ғаламдық технологиялық индустриядағы үлесі 7 пайыздан 29 пайызға дейін артады. Бұл – жаңа нарық, жаңа мамандықтар мен жаңа мүмкіндік деген сөз. Демек, жасанды интеллектті дер кезінде игерген ел экономикалық қана емес, саяси тұрғыдан да басымдыққа ие болмақ

Қорығындылай келе, Қазақстандағы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы – стратегиялық маңызды қадам. Бұл министрлік тек цифрландыру саясатын үйлестірумен ғана шектелмей, жасанды интеллект саласындағы білім беру, стартаптарды қолдау, инновациялық экожүйені дамыту және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты кешенді міндеттерді атқарады. Өңірлік хабтар білім беру мен жобаларды



инкубациялау бойынша негізгі рөлді сақтап қана қоймай, жана министрліктің қолдауымен мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтеді. Нәтижесінде, жасанды интеллекттің дамуы еліміздің экономикалық және технологиялық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаңа мамандықтар мен жұмыс

орындарын қалыптастырып, Қазақстанды жаһандық инновациялық картада айқын орынға көтереді.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Соның басталарынан құрылтайшылар мен зерттеушілер артық кедергілерге тап болады. Арнайы министрлік осындай кедергілерді азайтып, жаңа технологияларға айқын құқықтық база жасап, халықаралық серіктестіктер мен инвестицияларды көбірек тартуға мүмкіндік берер

Қазақстандағы әлемдік дамуы және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты кешенді міндеттерді атқарады. Өңірлік хабтар білім беру мен жобаларды

КИНО БИЗНЕС ҚҰРАЛЫ БОЛМАУ ҚАЖЕТ!

жерін жаудан қорғауға үдере аттану рухты көтеретін айшықты тақырып қазақ жеріндегі жонғар шапқын фильмдер аз түсірілген жок. Бір баланы» көрерменнің өте жақсы тағы бір себебі – қазақ кинода шұбарланбай толықтай қазақ тіліне отырған мәселе өте даулы. Бір үшін реалистік көзқараспен кинода көстiлдi қазсат орын болып отыр. Бірін

Кино – ұлттың болмысы мен рухани байлығының көрінісі ретінде тілдің әлеуметтік қызметін арттыратын мықты құрал. Жарыққа шыққан кино көрерменнің жүрегіне жету үшін шынайы болу қажет ұстанымы сценарий жазушылардың басты назарында. Қазір диалогқа аралас тілдік элементтерді, яғни қазақ тілі мен орыс тілін шұбарлатып қолдану жиі кездеседі. Бұл үрдіс қазақ тілінің мәртебесіне қауіп төндіруі мүмкін. Қазақ киносы – өзін-өзі тану мен өзгеге танытуды көздейтін рухани айна. Осы тұрғыдан алғанда, кинодағы қазақ тілінің қолданылу деңгейі мен еліміздің тіл саясаты өзге тілді көрерменге түрпідей тиері анық. Кинодағы қазақ тілі тұрмыстық қолданыс деңгейінен шыға алмай келеді. Қазақ киносы қоғамның айнасы ретінде халықтың тілі, дәстүрі, менталитеті мен құндылықтары туралы көрерменге танымдық білім бере алуы керек. Сондықтан да кино – бірінші кезекте бестіңіз емес, ұлттық ұстаным миссиясын атқару қажет. Оның ұлтқа тигізер пайдасы, ұрпаққа берер тәлімі басты назарда тұруы шарт.

халыққа ұсынып, қабылданды. Бірақ қазір қандай жағдайда денгейде? Қазіргі қазақ кинематографиясының көп кейіпкерлер көп. Көпшілігі ұстанымды, бірақ по-казахски жанры қолданып келеді. «Бизнес кинода 3», «Жездуха», «Бөлек шығайық», «Хотя бы кинода 3», «Родной», «Кеттік, бәрін таста» секілді комедиялық жанрдағы фильмдер тіл тазалығын сақтау тұрғысынан еркіндікке жол берген. Мұнда жаргондар, ботық сөздер, ауызекі сөйлеу тілінің элементтері көп кездеседі. Қазір көпшілік қазақ тілін мен орыс тілін араластыра сөйлегендіктен қоғам көрінісі ретінде көрерменге өтімді. Сценаристер де еңбекәкі үшін көпшіліктің тілін тиімді санайтын көрінеді. Иә, «шала қазақ» тілін қолдану – Кеңес үкіметінің қалдырған сарқыншағы мен қазіргі қоғамның әлеуметтік көрінісі. Дегенмен кинода тіл мен мәдениет қатар көрсетілмеген жағдайда ұлттық болмыс тыста қалып, қазақ тілі екінші орында қалуға мәжбүр.

«5:32», «Шекер. Последний шанс» криминалдық жанрда түсірілген киноларда қазақ тілді диалог өте аз. Негізгі аудитория орыс тілді қазақтар болса керек. Түрме өмірін, көше мәдениетін көрсету үшін көбіне бұзақылар түсінетін бейәдеп сөздерді көптеп қолданылған.

Казіргі таңда кино біз қаласақ та, қаламасақ та, кітап, газет-журналдарға қарағанда адамдардың на- зарын аударту бойынша алдығы қатарда екенін мойындауымыз керек. Жоғарыда көтерген мәселеге қарап, қазақ киносы әлсіз деген сөз емес. Бұл кино саласының тек бір кемшіні тұсы ғана деп қабылда- жетке. Қазақ киноиндустриясы жанрға бай. Режисс- Еркем Тұрсыновтың жетекшілігімен «Кен» криминалдық драма жанрындағы тар- фильмі, кино тарихында өшпес із қалдырған тар- драма жанрындағы «Жаужүрек мың бала» психологиялық драма жанрындағы «Шал» филь- ұлт болмысын танытатын асыл қазына. Бұл шығар- халықтың қазақ киносына деген қызығушы- туырды және Ақан Сатаевтың «Рэкетир» филь- кейінгі көрерменді кинотеатрларға жинаға- туындылар болды. «Жаужүрек мың бала» филь- көрермен арасында танымалдыққа ие бо- басты себебі – ең алдымен, қазақтың өріс- балаларынан құралған әскері, шапқыншылығы

жерін жаудан қорғауға үдере аттануы сияқты халықтық рухты көтеретін айшықты тақырыбы болды. Әрине, қазақ жеріндегі жоңғар шапқыншылығы туралы фильмдер аз түсірілген жоқ. Бірақ «Жаужүрек мың баланы» көрерменнің өте жақсы қабылдауының тағы бір себебі — қазақ киносында орыс тілінің шұбарланбай толықтай қазақ тілінде болуы. Бұл мәселені шешу үшін қазақ тілінің жанышары ретінде біз көтеріп отырған тақырыпқа даулы. Бұл мәселені шешу үшін біз қазақ тілінің жанышары ретінде біз көтеріп отырған тақырыпқа даулы. Бұл мәселені шешу үшін біз қазақ тілінің жанышары ретінде біз көтеріп отырған тақырыпқа даулы.

фильмдер көрерменнің баланы» қорғайтын ба- казак киносаясатына тағы бір себебі – казак тілінде болуы. шұбарланбай толықтай казак тілінде біз көтеріп отырған мәселе өте даулы. Бұл мәселені шешу үшін реалистік көзқараспен қарайтын болсақ, кинода көстгілді саясат орнамауының шешімі күрделі болып отыр. Біріншіден, кестеленген сөз өрнегін қазіргі қалалық көрермен түсін- беі қалуы мүмкін. Сондықтан режиссер тепе-теңдікті ұстауға мәжбүр. Екіншіден, казакстандық фильмдердің бюджеттік шек- теулері көп. Сөйкесінше, киноны әлемдік деңгейге шығаруда өзге тілдерге сапалы аударуға қиындықтар кездеседі. «Қазак тілінде кино түсіру – қиындық тудырады, бірақ бұл біздің болмысымызды сақтау үшін аса қажет», – делі режиссер Әділхан Ержанов бізбен әңгімесінде. басты идеялогияның Мұхтар Мәсімов – қазақ кемеңгері екенін, елдік

Қазақ киноларда орыс тілді мәдениетінің бейдеп каламасак та амдардың екенін аттарда на ерген маселеге емес. Бұл кино а деп кабылдау ға бай. Режиссер імінен детектив, ндағы «Кенже» калдырган тарихи мың бала» және ы «Шұл» фильмдері ына. Бұл шығармалар ынен кызыгушылар «Рәкетир» фильмінен ларға жинаған сәтті бала» фильмінің ының

**Айдана
ЕДІЛБЕККЫЗЫ,**
Қорқыт ата
атындағы ҚУ студенті

ӘЛЕУЖЕЛІ МӘДЕНИЕТІ: ЕРКІНДІКKE «ЕРКЕЛЕУГЕ» БОЛМАЙДЫ

Басы 1-бетте

Цензураның жоқтығы, бір қарағанда, демократиялық еркіндіктің шынайы көрінісі іспеттес болуы мүмкін, алайда бұл еркіндіктің нәтижесінде адам құқығы тапталып, мәдениет өлшемдері төмендеп, қоғамдық қатынастардағы сенім әлсірейді. Біреудің жеке хатын скриншот жасап жариялау, отбасындағы абсурдты хикаяларды көпшілікке көрсету немесе ойға салмақ қоспай, балағат сөздерді еркін қолдану қалыпты жағдайға айналғаны алаңдатарлық мәселе. Сондықтан бұл «еркіндіктің» тек ақпараттық кеңістікке ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына ықпал ететінін мойындауымыз керек.

Сүзгісіз ақпарат – қоғамға сын


Әлеуметтік желілердегі басты ерекшеліктің бірі – ақпараттың ешбір сүзгіден өтпей, еркін таралуы. Бұрын газет-журнал бетіне шыққан әрбір мақала редактордың сүзгісінен өтіп, жауапкершілікпен жарияланатын болса, бүгінде кез келген адамның ойы әлеуметтік желіде еш кедергісіз жарияланып, сол мезетте сан тараулы ғаламтордың түкпір-түкпіріне тарайды. Мұндай жағдайда дұрыс пен бұрысты, пайдалы мен зияндыны ажырату барған сайын қиындай түсетіні анық, себебі ақпарат кеңістігінде іріктеу механизмі жоқ. Тіпті пайдасыз дүние көп болған сайын, оның қоғамға тигізер зияны артып, адамның санасын улайтын жағдайға жетті.

Шектеусіз еркіндік, әрине, адамның ой-пікірін ашық білдіруіне мүмкіндік береді, бірақ сол еркіндіктің астарында қоғамды тұтастай әлсірететін, құндылықтарымызды шайқалтатын көріністер аз емес. Мысалы, жастар арасында тарап жатқан бейнероликтердің дені қысқа әзілге немесе уақытша қызыққа құрылған, алайда ол әзілдің ішінде тұрпайылық, балағат сөздер немесе өзгелерді мазақ ету жиі кездеседі. Бұл – құлдырау. Оның алдын қазір алмасақ, кейінгі ұрпақ мұны қалыпты қабылдауы мүмкін.

Сондай-ақ осындай мазмұнды күнде тұтынған жас буынның ойлау мәдениеті мен сөз саптауының төмендеуі де ықтимал. Ақпараттың сүзгісіз таралуы түптеп келгенде қоғамдағы мәдениеттің құлдырауына әкеліп соғады.

Жеке деректі жариялау – заңбұзушылық

Әлеуметтік желілердің тағы бір түйткілі – адамның жеке өміріне қатысты деректердің бақылаусыз жариялануы. Қазір «TikTok», «Threads» желілерінде рұқсатсыз жарияланған скриншоттарды жиі бақылаймыз. Ал мұндай әрекеттің заңдық және моральдық салдары туралы көпшілік ойлана бермейді. Заңгерлердің айтуынша, «WhatsApp» арқылы сөйлесіп, скриншот



жасап, оны әлеуметтік желіге жариялау – екінші тараптың рұқсатынсыз жасалса, қылмыс болып саналады. Егер қарсы тарап рұқсат бермесе, бұл әрекет заңбұзушылыққа жатады. Ал желіде жарияланған скриншот, аудио немесе видео материалдың ішінде өзара хат алмасу ғана емес, жеке өмірге қатысты құпия мәліметтер болса, ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 147-бапқа («Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу») сәйкес қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Әдетте отбасы ішінде қалып, құпия сақталуы тиіс әңгімелер желіде абсурдты хикая ретінде жарияланып, күллі жұрттың талқысына түседі. Жеке сырды жырға айналдырғандарды түсінуге де болады, олардың оқиғалары біреуге сабақ болса, ал біреуге жұбаныш болады. Бірақ біздің міндет – отбасы құндылықтарын дұрыс дәріптеу және адам айтса сенгісіз «сенсациялы» оқиғаларды оқығанда, оны сұрыптап отыру. Цензура мен қадағалаудың аздығынан адамдардың бір-біріне деген құрметі төмендеп, тіпті отбасылық құндылықтарға күмәнмен қарау үрдісі пайда болды. Бұл – тек бір отбасының мәселесі емес, ол қоғамдағы моральдық нормалардың әлсіреуіне әкелетін жалпы құбылыс.

Еркіндіктің де ережесі бар

Әлеуметтік желілердегі цензураның жоқтығы жайлы сөз қозғалғанда, көпшілік ең алдымен сөз еркіндігін алға тартады. Алайда шексіз еркіндік шын мәнінде адамның таңдауын кеңейткеннен гөрі, оның шынайы өміріне тосқауыл болатынын аңғару қиын емес. Күн сайын мыңдаған адам сағаттап әлеуметтік желіде скроллинг жасап, әркімнің парақшасын бір ақтарып, өзгенің өмірін қызықтап, өзі үшін маңызды уақытын жоғалтып жатқаны жасырын емес. Әркімнің

жеке ісіне қадалып отыру өз өмірінді байытуға еш үлес қоспайды. Әлеужелідегі «әдемі картинка» адамдарды қызық қуып, уақытты босқа өткізуге әдеттендіріп қойды, ал уақыттан қымбат байлық жоқ екенін ескерсек, бұл құбылыс қоғам үшін орны толмас шығын.

Осы тұрғыдан алғанда, еркіндіктің де өзіндік құны бар



екенін түсіну қажет. Әлеуметтік желідегі шексіз жарияланымдар көбіне қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдырудың орнына, оны ұсақ-түйекке бөлшектеп, назарды маңызды мәселелерден басқаға аударып жібереді. Әрине адамдардың ой айтуына мүмкіндік болғаны дұрыс, бірақ оның шектен тыс, жауапкершіліксіз жүзеге асуы қоғамды бірлікке емес, алауыздыққа итермелейді.

– Әлеуметтік желідегі цензура тек бақылау немесе тыйым емес, ол қоғамды ортақ құндылықтарға бағыттаудың тетігі екенін түсінуіміз керек. Егер біз еркіндікті жауапкершілікпен үйлестіре алсақ, әлеуметтік желілер рухани құндылықты дәріптейтін, білім мен мәдениетті насихаттайтын алаңға айналар еді. Қазіргі жағдайда цензураның жоқтығы демократияның көрінісі болып көрінгенімен, шын мәнінде ол – тәртіптің әлсіреуінің,

уақыттың ысырап болуының және құндылықтардың құлдырауының белгісі. Ал мұндай жағдайда «өз қолыңнан шыққан істің өзіңе сын» болатынын ұмытпауымыз қажет, себебі әлеуметтік желіні қалыптастыратын һәм сол желіні қолданатын өзіміз, – дейді медиа сарапшы Гүлмира Әскербек.

Сөз қадірін кетірмейік!

Қазір әлеуметтік желілерде балағат сөздер қалыпты құбылысқа айналып барады. Көптеген жазбаға немесе бейнероликке мәдениетті пікір білдірудің орнына, адамдар бір-бірін балағаттап, тұрпайы сөздерді қару етіп қолдануды әдетке айналдырған. Бұрын мұндай сөздер жабық ортада айтылатын болса, қазір ашық алаңда ешбір кедергісіз таралып жатыр. Мұның бәрі «сөздің қадірін кетіру» дегенге саяды, себебі тіл – ең алдымен адамның ойлау мәдениетінің айнасы.

Әлеуметтік желілер де бейәдеп сөздерді оқи алады. Мәселен, «TikTok» желісіне орыс тілінде балағат сөзбен пост салу мүмкін емес. Себебі бұл платформа пікірді де, жазбаны да сұрыптайды. Бір өкініштісі, аталған қосымша өзге тілдерді оқи алғанымен, қазақ тіліндегі балағат сөздерді анықтай алмайды. Осы себепті де бұрыс сөзге толы контентке шектеу болмай тұр. Бұл да бір мәселе.

Жастардың тілдік қорына кері әсер етіп жатқан осы үрдістің олардың мінез-құлқына да ықпалы мықты. Балағат сөздерді еркін қолданған ұрпақ ертеңгі күні үлкенге құрмет көрсетпей, кішіге қамқор болмай өсуі мүмкін. Қазір тіпті «балағат сөзді жиі қолданатын адам қолданбайтын адамға қарағанда шынайы көрінеді» деп ақтау әдетке айналып барады.

«Әдепті елдің баласы – алыстан сәлем береді» деген халық даналығы бар, ал балағат сөзге үйренген жас ондай әдептілікке ұмтылмайды. Осылайша, цензураның жоқтығы тіл

мәдениетіне ғана емес, тұтас ұлттық тәрбиенің әлсіреуіне алып барады.

Әлеуметтік желідегі бақылаусыз пікірлердің тағы бір зияны – қоғамдық пікірдің құнсыздануы. Қоғамдық мәселеге байланысты салмақты ой айтқан адамның сөзін де, жай әзіл немесе мазақ ретінде жазылған пікірді де бірдей қабылдайтын жағдай қалыптасты. Маңызды пікірдің салмағы азайып, қоғамдағы ортақ ойдың құндылығы төмендеп кетті. Мұндай жағдайда халықтың өзекті мәселелерді шешуге деген ынтасы әлсіреп, сенімсіздік дағдарысы пайда болады.

Мысалы, әлеуметтік желіде жарияланған бір жаңалықтың астында мыңдаған пікір болуы мүмкін, алайда олардың көбі шындыққа жанаспайтын, эмоцияға құрылған, тіпті жалған деректерге сүйенген жазбалар болады. Бұл қоғамның дұрыс шешім қабылдауына кедергі келтіреді һәм нағыз проблемадан назарды қашырады.

Әлеуметтік желідегі цензураның жоқтығы қоғамға үлкен қауіп төндіріп отырғаны даусыз, сондықтан бұл мәселенің шешімін табу – уақыт талабы. Ең алдымен, ақпараттық мәдениетті арттыруға күш салу қажет, өйткені сүзгісіз еркіндіктің салдарын тек заң арқылы ғана емес, тәрбиелік шаралар арқылы да реттеуге болады. Жастарға әлеуметтік желіні дұрыс қолдануды үйрену қажет, ақпараттық сауаттылықты арттыру маңызды.

Сонымен қатар әлеуметтік желі платформалары да жауапкершілікті сезінуі тиіс. Қоғамға зиян келтіретін контентті шектеу, балағат сөздердің таралуын азайту немесе жеке өмірді әшкерелейтін жарияланымдарға тосқауыл қоюға қатысты нақты қадамдар олқылықтардың алдын алуға қауқарлы. Бұл еркіндікті шектеу емес, қайта еркіндікті мәдениетпен ұштастыруға бағытталған шара болады. Қоғамда «еркіндіктің де шегі бар» деген түсінік орнықпаса, әлеуметтік желі ой мен пікірдің емес, дау-дамай мен тұрпайылықтың алаңына айналып қала береді.

Шектей бермесін десек, шектен шығуды да доғарайық, құрметті оқырман.

Қорлан САРЫ



Тазалық – қоғамның шын бейнесі. Қала, аудан, көше, аула, үй, дене және сана. Бұл дүниелерге деген қарым-қатынас адамның ішкі құрылысын дәлме-дәл сипаттай алады. Себебі адамның табиғатқа, өзіне, тұрмыс жағдайына деген көзқарасы оның санасы мен өмірлік идеялы туралы біраз ой толғады. Ойы таза, жүрегі жылы адамдардың айналасына деген қарым-қатынасынан оның сезімін, ниетін біле аламыз.

Тәрбие бастауы – тазалық

Ағаштар жеңілдеп, жер сары түске боялған қыркүйек айы. Мектептен қайтып бара жатып, жолдан үйіліп-төгілген қоқысты байқадым. Үстінде жазу: «Қоқыс тастамаңыздар, бейнебақылау жүргізіледі». «Қоқыс қастың басқа жер табылмады ма?» деген ойға калдым. «Өйтеуір жиналар» деп ойладым. Бірақ келесі

Қала келбеті – тұрғын әдебінен

күні тағы да қарасам, саны азаймаған, қайта көбейген. Оның ішінде тұрмыстық өмірде қолданылатын дүниелер. Көшедегі үйлердің қоқысы. Тұрғындар бір жерге қоқысты үйіп қоя берген екен. Біршама алаңдатқаны – көше соңында мектеп орналасқан, балалардың әлемге деген алғашқы көзқарасы қалыптасатын жерде осындай оқиға орын алып жатыр. Мектеп оқушысы тұлға ретінде қалыптасуда, сол себепті көбіне өзінен үлкендердің істеген ісін қайталайды. Оның ықпалынан бала тазалық ұғымын дұрыс қабылдай алмайды. «Егер үлкендер тазалық сақтамаса, неге мен сақтауым керек?» деп сол өнегеге сүйеніп кете береді.

Қазір балалар көрген жеріне қоқыс тастап кетеді, жан-жағына қарамайды. Кейде қоқыс жәшігі қалдық жатқан жерден сәл ғана қашықта орналасып тұрады. Біз балаларға «тиянақты бол» деп тәрбие беруге тырысамыз, алайда өзіміз ешбір қағиданы ұстанбаймыз. Баланың санасы айтылған сөзге емес, көрген іс-әрекетке қарайды. Естігені бір бөлек, ал тірлікте көргені оған қарама-қарсы болса, болашақтан не күте аламыз? «Болашақ жастардың қолында» дейміз, бірақ жастар тәрбиесі – оларды өмірге бейімдейтін аға буыннан басталады.

Кейде жақсы қызметтегі, ұжымға үлгі болған кісілерден де үлкен мин табуға болады. «Мен қоқыс жинап жүріп дәрежемді түсірмеймін, біреудің артынан жинау маған жараспайды» деп ойлайтындар бар. Бірақ шын кісіліктің өлшемі – ұсақ істерден байқалады.

Болмысты түсіне білген, өмірін өкінішсіз өткізген Бейсен ағамыздың басынан мынадай оқиға өткен.

«Жетісу» телеарнасының басшысы болып отырғанда, оның кабинетіне бір қызметші шағым айтып келеді:

«Мұндағы жұмыс істейтін адамның бәрі – көзі ашық, оқыған азаматтар. Бірақ дөретханада тазалық сақтамайды. Қалай болса солай кіріп шығады. Ескерту жасап көрсем, «Сен жинауға тиіссің! Жина! Сол үшін жалақы отырсың ғой», деп өзімді сөгеді».

Бейсен Құранбек ертеніне жиналыс жасайды: «Тазалықшылардың бәрін жұмыстан босатамын. Тілшілер мен басқа қызметшілер кезекпен дөретхана тазалайтын болады. Өйтпесе өзіміз қоқыстың астында қаламыз», — дейді.

Бәрі шулап: «Бұл қайдан шыққан тәртіп?!», «Болмайды олай!» деп даурығып кетеді. Содан ол: «Бір-екі күн дөретхана тазаланбаса, не боларын өздерің де сезіп отырсындар. Ондай жерде жұмыс істегілерің келмейді. Ал сол жерді тазалайтын адам мен оның еңбегін менсінбейсіндер. Өздеріңді тазалықшының орнына қоя алмайсындар. Сондықтан оны бағалап, ісіне құрмет көрсетейік», — дейді.

«Тазалық өзіңнен басталады» деген қағида осы жерде айқын көрсетілген. Көпшіліктің ойы: «Мен тастаған бір қоқыстан әлем өзгермейді». Бірақ оның артынан ұжымдасы, танысы, баласы қайталайды. Кішкентай істің өзі кейін үлкен дағдыға айналады. Сол себепті әр істі игілікті жасау қажет.

Қызылорда қаласында әкімшілік тарапынан сенбіліктер, тазалық шаралары жиі жүргізіледі. Байқағаным, тіпті аудандарға апарар жолдар түзеліп, жүргізушілерге қолайлы жағдай жасалған. Алайда шара өтіп болғаннан кейін қала тұрғындары тарапынан тазалық сақталмайтын кездер болады. Сондықтан тазалық мәселесі үнемі қозғалады. Ең бастысы – тазалық тек мемлекеттің мойнына жүктелген іс емес, ол тұрғындардың да қажеттілігіне жататын, тұрмыс-тіршілігінің ыңғайын қамтамасыз ететін құрал екенін түсінуіміз керек.

Тазалық ұғымы тек физикалық тұрғыдан айтылатын іс емес. Әдемі киініп, таза жүру – бұл тек айбөрттің ұшы ғана. Нағыз тазалық – рухани. Оған өзінді қоғамда әдепті ұстау, ойынды жеткізгенде жағымсыз, ерсі сөздерден аулақ болу, өзгеге дөрекі сөйлемеу жатады. Жүрегі мен ойы таза адамның жан-жағы да таза боларына күмәнсіз сенемін. Себебі ойымен үйлесім тапқан адамның тәні де, ісі де соған сай келеді.

Сіздің бүгінгі таңдауыңыз – болашақтың қамына жасалған ізгі іс. Кейінгіге тазалық мәдениетін, сөйлеу әдебін, қарапайымдылықты қалдыра алсақ, ол міндетті түрде ұрпақтан-ұрпаққа таралатын алтын мұра болып қалады.

Мерей ШӘКРАТ,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті

Әуелбек Қоңыратбаев – көпке үлгі болған ғалым

Басы 1-бетте

Ташкенттен басталған тағылым

Әуелбек Қоңыратбаев 1905 жылы 10 қыркүйекте Қызылорда облысы Шиелі ауданына қарасты Кердері ауылында дүниеге келген. Балалық шағы XX ғасырдың аласапыран уақытына тұспа-тұс келіп, бозбала күнінде тағдыр талайымен Ташкенттегі №5 балалар үйінде тәрбиеленді. Жас Әуелбек сол ортада ерте есейіп, білімге құштарлығын танытады. 1918 жылы Ташкенттегі педагогикалық училищеге оқуға түсіп, оны бітірген соң, бірер жыл мектеп мұғалімі болып қызмет етеді. Білімге құштар жас сол кездің өзінде Ташкентте жарық көретін «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналын шығару ісіне белсене атсалысып, алғашқы мақалаларын жариялады. Әуелбек тіпті 16 жасында-ақ Сұлтанбек Қожанов басқарған «Ақ жол» газетінде тұңғыш өлеңдерін жариялап үлгергені туралы дерек бар. Бұл – оның әдебиетке өлең жазудан келіп, кейін зерттеу бағыттарына ауысқанын көрсететін қызық мәлімет.

Жас күнінен қоғамдық істерге араласқан Әуелбек Ташкентте ұйымдасқан қазақ жастарының



алғашқы басылымы «Жас қайрат» газетінің редакция жұмысына қатысып, сол газеттің кейін «Жас Алаш» аталған нұсқасын шығарушылардың бірі болды. Ғани Мұратбаев сынды жалынды жастар жетекшісінің қасында жүріп, Әуелбек газетте корректорлық қызмет атқарды. Токсан жылдық тарихы бар «Жас Алаш» газетінің алғашқы сандарына «Ә.Қ.» деп қол қойылған хабар-мақалаларды кездестірсеңіз, оның авторы осы Әуелбек Қоңыратбаев екенін білгеніңіз жөн дейді зерттеушілер. Мұның өзі Қоңыратбаевтың жасынан-ақ баспасөзде қарымды қаламымен танылып, елге пайдалы іске ұйытқы болғанын аңғартады. Ташкенттегі қазақ зиялыларының ортасында жүрген ол талай тарихи оқиғалардың куәсі болды. Мәселен, Әуелбек Қоңыратбаев өз естеліктерінде жас Мұхтар Әуезовті Ғани Мұратбаевпен алғаш таныстырғанын және сол жылы Ғани ұстаздарының қатысуымен Әуезов пен Мағжан Жұмабаевтың әдеби айтысын ұйымдастырғанын жазды. Бұл дерек Әуелбек Қоңыратбаевтың жас кезінен-ақ Алаштың ардақты тұлғаларымен рухани байланыста болғанын көрсетеді. Осындай ортада шыңдалған қайраткер 1920 жылдардың басында-ақ халқымыздың болашағы үшін қызмет етуге бел бұған еді.

1925 жылы Қазақстан астанасы Қызылордаға көшірілгенде, Әуелбек Қоңыратбаев өзінің туған өңірінде жана міндеттер атқарады. Ол Қызылордада шыққан негізгі басылым «Еңбекші қазақ» газетінде, белгілі жазушы Бейімбет Майлин басқарған бөлімде қызмет істеді. Сол кезеңде жиырманың жуан ортасындағы жігерлі жас өлкелік атқару комитетінде жауапты хатшы қызметіне дейін көтеріліп, қоғам жұмысына да белсене араласты. 1929 жылы өңірлік «Сыр бойы» газетінде партия бөлімінің меңгерушісі, Арал ауданындағы «Екпінді балықшы» газетінің редакторы қызметтерін атқарып, ел өміріндегі өзекті мәселелерді баспасөз арқылы көтерді. Бұдан бөлек, республикалық деңгейдегі «Колхоз» газетін басқару үшін 1930 жылы Алматыға шақырылды. Яғни, Әуелбек Қоңыратбаев 20-шы жылдардың аяғында-ақ журналистика мен әкімшілік қызметте шыңдалып, елге танылған азамат болды.

Алайда ел басына қиын-қыстау күндер туған 1930 жылдардың саяси бүлігі оның тағдырына да әсер етпей қоймады. Кеңестік қуғын-сүргіннің алғашқы толқынына қазақтың талай оқығандары ілінсе, Әуелбек Қоңыратбаев та сол зобаланды бастан өткерді. 1934 жылы белгілі партия қайраткері С.Кировтің өлтірілуі сылтау болып, Сталиннің нұсқауымен басталған жазалау науқаны кезінде Қоңыратбаев Мәскеудегі БК(б)П Журналистика институтының студенті еді. Сол кезде оны «саяси сенімсіз» деп тауып, партия қатарынан шығарып

жібереді. Жас ғалымға жабылған бұл негізсіз айып үлкен соққы болғанымен, ол мойымаған. Тіпті адам айтса нанғысыз ауыр 1937 жылы да оның отбасы азап шегеді. Әуелбек Қоңыратбаевтың ағасы Қалжан мен інісі Әлібек «халық жауы» атанып, атылып кетеді. Үкімет ағайынды қос азаматты бірдей мерт қылды. Өзі әрең аман қалған Әуелбекке осынау трагедия ауыр әсер қалдырып, жүрегіне жазылмас жара салды. Қуғын-сүргін жылдары ол жақын туыстары туралы көп ашылып сөйлемей, бұл тақырыптың өзін «сендерге зияны тиеді» деп жабық ұстап келген екен. Мұның бәрі сол замандағы нәубеттің қаншалықты ауыр болғанын көрсетеді. Қандай ауыртпалық көрсем де ғалым жолынан таймаймын деген Қоңыратбаев 1938 жылы қайтадан оқуға ден қойып, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, оны тамамдайды. Сөйтіп, зобалаң жылдардың өзінде мүмкіндігінше білім қуып, өз қарымын жоғалтпай, келесі кезеңдерге қадам басты.

Соғыстан кейінгі жылдары Әуелбек Қоңыратбаевтың ғалымдық қызметі басталады. 1941-1945 жылдары ол Қазақ КСР Ғылым академиясы жанындағы Тіл және әдебиет



институтының аспирантурасында оқып, әйгілі жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов пен академик В.М.Жирмунскийдің жетекшілігімен «Қазақтың лиро-эпостық жырлары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Жас зерттеушінің бұл еңбегі қазақ эпостарын жүйелі ғылыми негізде талдаған алғашқы жұмыстардың



бірі болды. Мұхтар Әуезов сынды ұстаздың сенімін ақтаған Қоңыратбаев бұдан кейін бүкіл ғұмырын туған халқының бай фольклорлық мұрасын зерттеуге арнады. 1945-1949 жылдары ол жаңадан құрылған Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Сол кездің өзінде Әуелбек Қоңыратбаев қазақ фольклортану ғылымының болашағын айқындауға атсалысып, эпостанудың негізгі бағыттарын орнықтыра бастады.

Фольклордың білгірі, түркологияның тарланы

Қоңыратбаев – қазақ ауыз әдебиеті мен эпосын зерттеудің көшбасшы ғалымдарының бірі. Оның ғылымдағы ең өнімді, табысты еңбек еткен саласы – фольклортану, яғни қазақ әдебиеті тарихының бастауы саналатын ауыз әдебиетін зерттеу болды. Ғалым қазақ фольклорының жанрлық түрлерін, әсіресе эпостық жырларды терең талдап, оның түркі әлемімен тарихи және көркемдік байланысын ашып көрсетті. Ғалымның 1947 жылы жазған

еңбектерінен бастап әлемге әйгілі «Қорқыт ата кітабын» қазақ ғылымына алғаш таныстырғаны ерекше аталады. Ол Қорқыт туралы аңыздар мен жырлардың түп-тамырын түркілік ортақ мұра ретінде зерделеп, «Қорқыт ата кітабын» қазақ тіліне аударып жарыққа шығарды. Қорқыт тұлғасының мән-маңызын зерттеп, оның оғыз дәуіріндегі эпос айтушы, жырау екенін тарихи деректермен дәйектеді. Ғалымның пайымдауынша, «Қорқыт» сөзінің түпкі мағынасы «құт әкелетін адам, құтты адам» деген ұғымды білдіреді екен. Бұл – Қоңыратбаевтың түркологиялық даярлығы мен батыл тұжырымдарының бір мысалы.

Қоңыратбаев қазақ эпосының өзге түркі халықтары әдебиетімен байланысын да жан-жақты салыстыра зерттеп, талай тың тұжырымдар ұсынды. Ол батыс пен шығыс әдебиеттерінің ұқсастықтарын, қазақтың ауызша жыр дәстүріне моңғол, араб, парсы әдебиеттерінің ықпал-әсерін де саралап көрсеткен. Әуелбек Қоңыратбаев 1971 жылы «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. Осы іргелі зерттеуінде ол ежелгі түркі жазба мұралары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы көркемдік және тарихи жалғастықты ашып көрсетті. Ғалым фольклортану ғылымында қазақ әдебиетінің дәуірлеу мәселесіне де ерекше ден қойып, өзіндік батыл пікірлер айтқан.

Ерлік пен елдік жыршысы

Әуелбек Қоңыратбаевтың ғылыми ұстанымының беріктігін дәлелдейтін бір оқиға – оның XIX ғасырдағы әдебиетті зерттеу еңбегіне байланысты 1950 жылдары қуғынға ұшырауы. Зерттеушілердің жазуынша, ғалым сол кезде қазақ әдебиеті тарихына «Наурызбай-Қаншайым» жырын (Кенесары-Наурызбай батырлардың ерлік жолын жырлаған эпос) енгізгені үшін саяси қысым көрген екен. Расында, Кенесары Қасымов бастаған қозғалысты мадақтайтын бұл эпосты әдеби мұраға қосу сол уақыттағы билікке ұнамсыз болып, Қоңыратбаевтың еңбегі «кателік» саналған. Алайда ғалым идеялық айыптауларға мойымай, кейіннен де қазақтың азаттық күресін жырлаған туындыларды тарихи шындық тұрғысынан қарастыру керектігін естен шығармаған. Бұл – оның ғылымдағы принципшілдігі мен еліне адалдығын танытатын факті. Сталиндік зұлмат қаншама алдыңғы буын ғалымдарды жалмағанмен, Әуелбек Қоңыратбаев сынды қайтпас қайраткерлердің арқасында қазақ фольклортануы мен әдебиеттануы өшпей, жалғасын тапты.




Әуелбек Қоңыратбаевтың фольклортану бағытындағы жемісті еңбектері халқымыздың бай мұрасын жүйелеуге, ғылыми айналымға енгізуге зор ықпалын тигізді. 1945 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясынан бастап, «Қазақ эпосы және түркология» сияқты көлемді монографиясына дейінгі аралықта ол эпостанудың өзекті мәселелерін терең қаузап отырды. Ғалым көптеген эпикалық жырлар туралы жеке зерттеулер жазды. Атап айтқанда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқалары туралы еңбегі осы лиро-эпостың мазмұны мен тарихи негізін талдаған алғашқы кешенді жұмыс болды. Сонымен бірге Ә.Қоңыратбаев эпос айтушылары жөнінде құнды мәліметтер жинап, жыршылық дәстүр өкілдері туралы «Эпос және оның айтушылары» атты кітабын шығарды. Бұл еңбекте ол Сыр сұлейлері мен жыраулардың өнерін, шеберлік ерекшеліктерін талдап, қазақтың жыршылық мектебін ғылыми негізде саралады.

1950-60 жылдары қазақ фольклорының көп томдық жинақтарын құрастыру ісіне де Ә.Қоңыратбаев белсене араласып, мәтіндерді

сұрыптау, ғылыми түсініктеме беру жұмысын атқарды. Әсіресе, орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулық, хрестоматиялар жасауға атсалысты. Ғалым құрастырған фольклор хрестоматиясын Қазақстан мен шет елдердегі (Қытай, Моңғолия, Өзбекстандағы) қазақ мектептерінің бірнеше буын оқушылары қызыға оқыды деседі. Бұл – Қоңыратбаев еңбектерінің тек теориялық зерттеу ғана емес, оқу-ағарту саласына тікелей қызмет еткенінің айғағы. Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ фольклортану ғылымы қол жеткізген көптеген табыста Әуелбек Қоңыратбаевтың үлкен үлесі бар екені – мойындалған ақиқат.

Ұлағатты ұстаз, ұлт жанашыры

Әуелбек Қоңыратбаев тек ғалым-зерттеуші ғана емес, ұлағатты ұстаз ретінде де танылды. Ол ұзақ жылдар бойы Алматыдағы ҚазМУ (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), ҚазПИ (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПИУ) сынды іргелі



оқу орындарында және өзі туып-өскен өңірдегі Қызылорда педагогикалық институтында (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті) доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ғалым қай жерде дәріс оқыса да, өз білімін шәкірт санасына сарқып құйып, қаншама жастың ғылымға келуіне жол ашты. Мәселен, қазақтың белгілі фольклортанушыларының бірі, академик Рахманқұл Бердібай, әдебиетшілер Темірхан Тебегенов, Дандай Ысқақов, Жолдасбек Әбілов сынды азаматтар Өукеңнен тәлім алып өскен шәкірттері еді. Кейіннен бұл ізбасарлары ұстазының ғылымдағы өшпес еңбегін жоғары бағалап, 2005 жылы Ә.Қоңыратбаевтың таңдамалы шығармаларын 10 томдық жинақ етіп жарыққа шығаруға атсалысты дейді деректер. Расында, ұстаз еңбегінің жемісі – шәкірттер жетістігі. Бұл тұрғыдан алғанда, Әуелбек Қоңыратбаев өзін қоршаған жас буынға бағыт-бағдар беріп, ұлт руханиятының мектебін қалыптастырған ұстаз деуге болады.Ол – ғұлама ғалым ғана емес, ұлтжанды ұстаз ретінде де ел есінде. Ол қазақ әдебиетін оқытудың ғылыми әдістемесін жасап, ұзақ жылдар бойы ұстаздық етті.

Ә.Қоңыратбаевтың білім беру саласына сіңірген нақты еңбектері де зор. Ол қазақ әдебиетін мектепте оқытудың әдістемелік негіздерін қалаушы ғалымдардың бірі саналады. «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері» және «Әдебиетті оқыту методикасы» атты еңбектері жарық көріп, олар жылдар бойы мектеп мұғалімдерінің басты құралы болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері осы кітаптарды басшылыққа алып, оқыту тәсілдерін жетілдірді. Ғалым тек өз еңбектерін жазып қоймай, дүниежүзінің озық педагогика үлгілерін қазақ тіліне аударып әкелді. Мәселен, Ж.А.Коменскийдің атақты «Ұлы дидактикасын» және өзге де белгілі педагогтердің әдістемелік еңбектерін қазақшаға аударып, ұстаздар игілігіне ұсынды. Бұл – Қоңыратбаевтың жаңашыл ұстаз ретінде әлемдік білім қазынасын қазақ оқырманына жақындатқанын көрсетеді.

«Ер есімі – ел есінде» дейді халқымыз. Әуелбек Қоңыратбаев сынды ғылымның шамшырағы, ұлт руханиятының жанашыры болған тұлғаның есімі әрдайым ел жүрегінде сақталмақ. Ол өмірсүрген дәуір басқа болғанымен, оның жасампаз еңбекқорлығы мен халқына адал қызмет ету қасиеті – бүгінгі тәуелсіз ел жастарына өнеге. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің ізін басқан шәкірті Әуелбек Қоңыратбаев та өзінен кейінгі буынға таптырмас рухани қазына қалдырды. Сондықтан Қоңыратбаевтың ғибратты ғұмыры мен ғылыми мұрасын білу – әрбір саналы жас үшін пайдалы деп білеміз. 120 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқан ғалымды еске алу арқылы біз ұлттық мәдениет пен білімге негіз қалаған тарланбоздарымызды ардақтай аламыз. Әуелбек Қоңыратбаев – жас буын тануы тиіс, ұлт мақтанышына айналған тұлға. Оның өмір жолы, қайраткерлігі хәм ғылымдағы табандылығы қазіргі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала бермек.

Е.СӘРСЕНҰЛЫ,
журналист



Раулан ЖАЛЕЕВ:

ӘЛЕМДІ ТАНУ ӨЗІНДІ ТАНУДАН БАСТАЛАДЫ



Өнер мен кәсіпті қатар алып жүру – үлкен тәуекел мен табандылықты талап ететін жол. Бірі – тұрақты табыс әкелетін жүйелі еңбек, екіншісі – шабыт пен шығармашылықтың нәзік әлемі. Ал осы екі бағытты ұштастырып қана қоймай, психология саласында да өзіндік із қалыптастырған талантты жас Раулан Жалеев – сұхбатымыздың кезекті кейіпкері.

– Бүгінде сіздің кілемдеріңіз жай ғана интерьер элементі емес, авторлық арт-нысан ретінде қабылданады. Бұл идея қалай пайда болды және оны бизнеске айналдыруға қалай бел будыңыз?

– Бұл идея маған мүлдем күтпеген жерден келді. Оған да төрт жылдай уақыт өтті. Ол кезде әлемді коронавирус жайлап, қатаң локдаун жарияланған шақ еді. Шынымды айтсам, бизнеске қабілетім болса да, оны ашамын деген арман менде бұрын-соңды болған емес. Ұшқыш болуды армандап, өмірімнің көп бөлігін осы салаға арнадым.

Пандемияға дейін Түркияда бір жарым жыл тұрдым. Арманымдағы мамандық бойынша білім алып, тіл үйрендім. Кейін Еуропаға, Чехияға шақырту алдым. Онда халықаралық лицензия алып, ұшқыш мектебін аяқтауым керек болатын. Сол үшін Қазақстанға виза рәсімдеуге келдім. Бірақ визаны күтіп жүргенімде карантин басталып кетті. Сөйтіп, не Түркияға қайта алмай, не Еуропаға ұша алмай, Қазақстанда қалып қойдым. Бастапқыда бәріміз «бір айда, әрі кетсе екі аптада бітеді» деп ойладық қой. Бірақ індет мен ойлағаннан да ұзақ уақытқа созылып кетті.

Ол кезеңде қала мүлдем жабық болды. Уақытымды спортпен өткізіп, тауға жиі шығатын болдым. Өйткені бала кезімнен тауға шығуды жақсы көремін. Бір маусымда Алматының айналасындағы біраз шыңдарды бағындырып үлгердім. Сол аралықта TikTok-та бір қытай қызының жаңа техникамен кілем тоқып жатқан видеосы шыға келді. Бұл – тафтинг технологиясы. Әуелі жай сақтап қойдым да, ұмытып кеттім. Бір аптадан соң тағы сондай видеолар кезіге берді. «Қалай болғанда да, үйде қарап отыра бергенше, бір іспен айналысайын» деп, жабдықтарын Қытайдан әзер дегенде тапсырыс беріп алдырдым. Ол кезде бұл туралы ақпарат мүлде жоқ еді.

Жабдық қолыма тиген соң, үйімде шағын шеберхана жасақтап алдым. Алғашқы кілемшелерімді достарыма, туыстарыма сатып бастадым. Екінші-үшінші кілемнен бастап-ақ қолым үйреніп, жақсы шыға бастады. Ешқандай арнайы оқу оқыған жоқпын, қысқа роликтерге қарап, өзімше түсініп, үйрендім. Содан бастап алғашқы бизнесім басталды.

Міне, төрт жыл өтті. Қазір Қазақстандағы ең ірі шеберхананың иесімін. Өзімнің толыққанды командам бар, өндірісті жолға қойдық. Бүгінде бізді осы саладағы ірі ойыншы, монополист деуге болады.

Бұл жерде бірнеше фактор әсер етті деп ойлаймын. Біріншіден, уақыт пен орын дұрыс сәйкес келді. Екіншіден,

сәттіліктің де үлесі бар. Үшіншіден, алғашқыда ақшаның артынан жүгірген жоқпын. Менің қалағаным, өз ісімнен ләззат алу болды. Соның нәтижесінде ол маған табыс әкеле бастады. Ал қазір көп жас ісін бастамай жатып, бірден ақша тапқысы келеді. Уақыт пен еңбекке



«саран». Содан болар, істері алға басыу екіталай.

– Белгілі болғандай, сіздің кәсіпкерлік жолыңыз кеше ғана басталған жоқ. Білуімізше, алғашқы қадамдарыңыз балалар кітабын шығарудан өрбіген. Сол табандылық пен еңбек бүгінгі жетістіктеріңіздің іргетасы болғаны анық. Айтыңызшы, кәсіпкерлікке қалай келдіңіз?

– Балаларға арналған кітап жобасын бизнес деп толық айта алмаймын. Бірақ ол кілемдерден бұрын бастаған ісім еді. Әуелде оны өзім үшін ғана жасадым. Өйткені пандемия кезінде қол қусырып отыруға болмайды ғой. Сол кезде Еуропада, Түркияда көрген идеяларымды Қазақстанда жүзеге асырғым келді.

Ол уақытта мобилография, түрлі бейнесюжет түсіру қарқынды дамып келе жатты. Ал фотоальбомдарға деген қызығушылық бәсеңдей бастағанын байқадым. Бірақ мен үшін альбом – өткеннің ізі. Біз бала кезде ата-анамыз бізге арнап альбом жасайтын. Сол дәстүрді келешекке қалдырғым келді. Балаларымыз да қолына ұстап, суреттерін, естеліктерін сезінсе дейсің ғой. Ішкі бір қажеттілік болды.

Содан екі-үш ай бойы қаладағы барлық типографияны аралап шықтым. Бұрын бұл салаға мүлде қызықпаған едім. Бірақ сол кезде қағаз түрлерін зерттеп, түстерін тандап, мұқабасын, эмблема, бедерлі жазуларын іздестірдім. Қысқасы, кітап басып шығару ісіне қатты бойладым. Ол білімнің бәрі бүгінге дейін есімде. Қазір кітап жазуды қолға алсам, баспаға шығаруға толық қабілетім бар. Қазірдің өзінде күнделіктер жазамын.

Болашақта сол жазбаларымнан кітап құрап, оны көпшілікке емес, тек өз балаларым үшін шығарғым келеді.

Ал кәсіпкерлікке келетін болсақ, мен бала кезімнен-ақ табыс табуды үйрендім. Бір дүниені ойлап табуға, оны ұсынып, сатып, пайда көруге кішкентайымнан бейіммін. Бұл қабілет бәрінде бірдей бола бермейді. Кейін есейгенде өміріме талдау жасап, осы қасиетімнің әр кезеңде мені алға жетелеп келгенін түсіндім. Бір сөзбен айтқанда, менде интуиция мен қайталаным келетін қадамдар болды, соның арқасында нәтиже шықты.

Кітапты екі партия етіп шығарып, түгел саттым. Кейін кілем ісі жақсы жүре бастаған соң, соған ден қойып кеттім. Одан бөлек, эпосидігі смоламен әдемі жазулар, жарнамалық тактайшалар жасадым. Шеберханада әлі де сол жұмыстардың бірнешеуі сақтаулы тұр. Кейінгі екі айда жаңа техникамен сурет сала бастадым. Жинаған тәжірибемнің арқасында қысқа уақытта-ақ біршама картиналар жазып, тапсырысқа өткізіп үлгердім.

Негізі, суретшілер көп. Бірақ олардың көбі өзін таныта алмайды. Өнерің бар болғанымен, оны ұсына білу де көп маңызға ие. Қол қусырып, төрт қабырғада отырып, «біреу келеді де сатып алады» деп күтудің қажеті жоқ. Өмір сені

бұл стильге нақты не тартты? Шабытты қайдан аласыз?

– Текстуралы кескіндеменің ерекшелігі көп. Біріншіден, бұл – әдеттегіден бөлек бағыт. Екіншіден, мен бұған дейін тактильділік туралы айтқан едім ғой, яғни қолмен сезіну, тірі әсер. Мен үшін колөнердің өзі – ләззат. Ал текстуралы өнердің ең басты «фишкасы» да сонда: картинаны тек көзбен емес, қолмен де сезінесің. Ол тегіс емес, әр жолы мүлде жаңаша туады. Өйткені мен оны ішкі күйіме қарай жасаймын. Бір картинаны екі не үш рет қайталау мүмкін емес. Әр туынды – қайталанбас жаңа дүние.

Мен шағын композиция ғана қосамын, ал қалғанының бәрін уақыттың өзі, әлемнің өзі әлдеқашан ойлап қойған. Өмірде адамдар баяғыда-ақ талай дүниені ойлап тапқан. Бастысы – оны жаңа қырынан көрсете білу. Ескі мен жаңаны тоғыстырсаң, ерекше симбиоз шығады. Сол арқылы шынымен қызық дүние туады.

Менің шабыт көзім – көне суретшілер. XVIII-XIX ғасырдағы өнер иелері қарапайым картиналарды жасап-ақ, үлкен атаққа, қыруар табысқа жеткен. Солардың еңбектеріне, қолданған техникасына, қай қырынан ерекшеленгеніне үңілемін. Интернетте де жай «скролл» жасамаймын. Әр күн сайын зерттеп қараймын: кім қалай салған, қандай тәсіл қолданған, қандай ерекшелігі бар.


Ал өз замандастарымыздың блогерлері не кәсіпкерлеріне көп қарамаймын. Өйткені көз үйреніп, әсері жоғалуы мүмкін. Ең әуелі өз өміріммен өмір сүріп, өз жолымды іздегенді жөн көремін.

– Әлеуметтік желілерде сіз адамдарға өз-өзіне үңілуге, өмірге жаңаша қарауға көмектесетін ойлармен бөлісіп жүрсіз. Психологияға деген қызығушылығыңыз қашан оянды және білімді қай дереккөзден аласыз?

– Менің балалық шағым жеңіл болған жоқ. Отбасымдағы жағдайды да, туыстарымның өмірін де көріп өстім. Өзім де достарыммен, қарым-қатынасымда түрлі тәжірибелерді бастан өткердім. Сонда түсіндім: адамды, қарым-қатынасты түсіну үшін білім қажет. Сол себепті кітап оқуға, түрлі мамандарды тыңдауға бет бұрдым.

Психологияға біртіндеп тереңдей бастағанда, әр кітаптың, әр маманның өзіндік бір ерекшелігі бар екенін аңғардым. Соны өмірімде қолданып көргенде, шынымен жұмыс істейтінін, көмектесетінін сездім. Тіпті бизнестің өзі – психология. Әр кездесу, әр мәміле – адамды сезіне білу, түсіну. Тек тауарды «өткізіп жіберу» емес, алдымен адаммен түсінісу керек. Сол үшін психология мен коммуникация дағдылары әрдайым қажет.

Өйткені біздің өмірдегі ең басты ресурс – адамдар, яғни айналас. Оларды түсіну, тіл табысу, эмпатияны дамыту маңызды. Осы уақытқа дейін жинақтаған білімім мен тәжірибемнің арқасында мен адамдармен еркін сөйлесемін, кеңес



стуралы кескіндеменің ұшқынын туындыларыңыздан байқадық. Сіздің ойыңызша, оның басты артықшылықтары қандай және сізді

беремін, сахнаға шығып, университеттерде дәріс оқимын. Ең қызығы, тек жастар емес, менен жасы үлкен, тіпті әке-шешеммен құрлас адамдар да жиі

келеді. Олар маған сенім артады, себебі өз өмірінде жіберген олқылықтарының шешімін менен іздейді.

Өзімді бір жағынан «жетелеуші» сезінемін. Яғни мені уақыттың өзі сондай рөлге қойды деп ойлаймын. Қарт буын мен жастардың арасында көпір секілдімін: екі жақпен де оңай тіл табысамын.

Ал білімнің қайнар көзіне келсем, күн сайын жаңа дүниені үйренуге тыры-



самын. Подкаст тыңдаймын, заманауи психологтарды зерттеймін, кеңестер өткіземін. Бүгінге дейін 200-ден аса адаммен жеке кеңес өткіздім. Әр адам өз өмірінің тарихын айтып береді. Сол арқылы бір жайтты түсіндім: адамдардың өмірі әртүрлі болғанымен, кезеңдері, сезімдері, қуанышы мен қайғысы ұқсас. Бар айырмашылығы – дұрыс сәтте бір серпіліс, бағыт беру қажет. Кейде адамға сәл ғана «қозғаудың» өзі жеткілікті.

– Қазір көптеген жас депрессия мен күйзеліске бейім екені рас. Сіздің ойыңызша, өскелең ұрпақ осы тоқырау кезеңнен қалай өтуі керек?

– Адам баласы өмірінде ең үлкен қателікті оқуды, жұмысты, достықты не махаббатты таңдаудан емес, ең әуелі өзін танып үлгермей тұрып қадам басудан жібереді. Өкінішке қарай, мен де мектепте жүргенде өзімді толық түсінген жоқпын. Тек бизнес жолына түскенде ғана жүрегімнің нағыз мақсатын, өмірлік миссиямды ұқтым. Сол сәттен бастап өмірім жеңілдей түсті, дамуым мен жетістігім серпін алды.

Менің адамдарға айтатын ең басты кеңесім – өзіңді тануға уақыт бөлу. Бұл – қарапайым өтірік айтпау емес, ең әуелі өз-өзіне адал болу. Миыңда бір сөз тұрса – айт. Ұсыныс жасаймын десен – жаса. Істегің келген іс бар ма – әрекет ет. Біреуге шындықты жеткізгің келсе – тар-тынба. Өйткені жан дүниені азат ететін де, ойыңды тазартатын да адалдық.

Менің өміріме көз жүгірткен адам «жас болса да, талай шындықты байқапсың» деп таңғалады. Шын мәнінде, дәл осы ізденістер мен сынақтар мені өсірді. Бала күнімде анама «Менен жаңа ұрпақ басталады, мен бұл өмірді басқаша сүремін» дейтінмін. Мені қоғамның ағымына ілесу ешқашан қызықтырған жоқ.

Менің басты қағидам – өзіме адал болу. Қарым-қатынаста болсын, жұмыста болсын, көңілім қонбайтын дүниені бірден сүзгіден өткіземін. Маған сәйкес келмесе – алыстаймын. Осы адалдық, ішкі тыныштық пен өз жүрегімнің қалауын тыңдау маған шынайы бақыт пен өсуге жол ашты.

Әр адамның өміріндегі ең алғашқы қадам – өзін тану. Бұл жолда көбісі «ерекшеленіп кетемін», «эгоист болып көрінемін» деп қорқады. Бірақ нағыз сынақ – сол қорқынышты жеңу. Сені түсінбейтіндер, сырт айналатындар болады. Егер осыған шыдасаң, сенің жаныңа дәл өзің секілді адамдар жиналады. Сол кезде өмір жеңілдейді, себебі сені қолдайтын, сол жолды бірге жүретін орта қалыптасады. Сондықтан өмірдің ең басты іргетасы – өзіңді тұлға ретінде түсіну.

Өзіңе «Егер барлық адам мінсіз өмір сүрсе, яғни ақша да, отбасы да, тіпті денсаулық та мәселе болмаса, мұндай әлемде мен нені істер едім?» деген сұрақты қойып көр. Дәл осы сұрақ адамға өмірінің шынайы бағытын табуға көмектеседі.

– Әңгімеңізге рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА



**Қазақстандағы
сот жүйесі соңғы
жылдары ауқымды
реформаларды
бастан өткеріп
келеді. Мемлекет
басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев
атап өткендей, сот
төрелігінің әділдігі
мен қолжетімділігі
– заң үстемдігінің
басты кепілі. Осы
мақсатта елімізде
жаңа институт –
кассациялық сот
құрылып, жұмысын
бастады.**

Кассациялық сатыны енгізудің басты себебі – азаматтар мен заңды тұлғалардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру. Бұған дейін сот шешімдеріне қатысты шағым беру

КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІ

жүйесі екі сатымен шектелген еді. Ал жаңа сот сатысының құрылуы – әділеттілікті іздеген тараптарға қосымша мүмкіндік беріп отыр.

Кассациялық сот:
• соттардың шешімдеріндегі заңдылық пен біріділікті қамтамасыз етеді;

• құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды жояды;
• азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына ықпал етеді.

Кассациялық соттың басты артықшылығы – оның жоғары кәсіби деңгейде қаралуы. Мұнда тәжірибелі судьялар қызмет атқарып, заңнаманың дұрыс қолданылуын жіті қадағалайды.

Кассациялық соттың жұмысында:
• істер тек құқық нормаларын дұрыс қолдану тұрғысынан қаралады;
• процессуалдық қателіктерді түзетуге басымдық беріледі;

• сот тәжірибесін біріздендіру басты мақсат ретінде айқындалады.

Бұл – тараптардың әділдікке деген сенімін арттыратын маңызды қадам.

Кассациялық сот – Жоғарғы Соттың жүктемесін жеңілдетіп қана қоймай, сот төрелігін жүзеге асырудағы тиімділікті арттырады. Бұрын кейбір істер бойынша әділдікке қол жеткізу үшін тек Жоғарғы Сотқа жүгіну мүмкін болса, енді азаматтар

алдымен кассациялық сот арқылы өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік алады.

Бұл қадам құқық қорғау жүйесін демократияландыруға, сондай-ақ сот жүйесін ашық әрі сенімді етуге бағытталған.

Кассациялық сот институ-ты көптеген дамыған елдерде қолданылады. Мысалы, Еуро-па елдерінің басым көпшілігінде кассациялық саты сот төрелігінің ажы-рамас бөлігі саналады. Қазақстандағы бұл реформа халықаралық тәжірибеге толық сәйкес келеді және ұлттық сот жүйесінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Кассациялық соттың құрылуы – Қазақстан сот жүйесінің дамуындағы тарихи қадам. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндіктерін ашып, сот төрелігінің әділ әрі тиімді жүзеге асуына жол ашады.

Заң үстемдігіне негізделген қоғам құру жолында кассациялық сот – халық сенімін арттыратын, құқықтық мемлекет қағидаттарын бекітетін маңызды институт.

Л.ӘБДУЛЛИ,

Қызылорда қаласының
әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының

ҚЫЗЫЛОРДАДА АЛҒАШ РЕТ «ЗАДОРИНКА» БИ БАЙҚАУЫ ӨТТІ



**Қазақстан халқы
Ассамблеясының
30 жылдығына орай
«Қазақстандағы орыс
қауымдастығы» Қызылорда
облыстық филиалы өткізген
онкүндік аясындағы
шаралар жалғасуда.
Достық үйінің концерт
залында алғашқы рет
орыс билеріне арналған
«Задоринка» атты байқау
өтті.**

Бұл өнер сайысына Қызылорда қаласындағы 11 жеке балабақшаның бүлдіршіндері қатысып, орыс этносының билерін сахналады. Әр балабақша бір-бір ерекше қойылым ұсынып, сахнада түрлі түсті костюмдер мен биі үйлесім тауып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Балалардың дайындық деңгейі жоғары болып, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Филиал төрағасы Наталья Мишукованың айтуынша, байқауды

өткізуге өңірдегі «Венера Принт» компаниясы мен «Пумба» кафесі демеушілік танытқан. «Бұл бастама- ны дәстүрге айналдырып, жыл сайын өткізу жоспарда бар. Байқау балаларды өнерге, мәдениетке қызықтырып қана қоймай, этностар арасындағы достық пен бірлікті нығайтуға үлес қосады», – деді ол.

Шара соңында облыстық қоғамдық даму басқармасының ҚХА Хатшылығы – этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі бөлімінің басшысы Ерлан Сисенбиев сөз сөйлеп, қатысушыларға шынайы ризашылығын жеткізді. Ол әр балабақшаның дайындықты жоғары деңгейде ұйымдастырғанын ерекше атап өтті. Байқауға қатысқан барлық ұжымдар арнайы номинациялармен марапатталып, бүлдіршіндерге сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар жеңімпаз атанған балабақшаларға қаржылай сертификаттар беріліп, мерекелік көңі-күйге толы шара әдемі түйінделді.

**«Қоғамдық келісім» КММ
баспасөз қызметі**

РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

Репродуктивті денсаулық – бұл репродуктивті жүйеге және оның функциялары мен процестеріне қатысты барлық мәселелерде аурудың болмауы.

Репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторларға аборт, жаман әдеттер, жыныстық жолмен берілетін аурулар, дұрыс тамақтанбау, психоэмоционалды жағдай, экологиялық жағдай, денсаулық мәселелері жатады.

Репродуктивті жүйе ауруларының алдын алу және емдеумен репродуктивті денсаулықты қорғау мамандары айналысады. Репродуктивті денсаулықты сақтау – сау ұрпақты көбейту функциясын қалпына келтіруге және сақтауға көмектесетін бірқатар шаралар.

Мұндай шараларға салауатты өмір салтын ұстану және жаман әдеттерден бас тарту, жыныстық өмір ережелерін сақтау, жүйелі түрде тест тапсыру және жыныс жүйесінің денсаулығын бақылау, демалыс пен енбек арақатынасын сақтау, стресстен аулақ болу және қалыпты психоэмоционалды күйде болу, жасөспірімдік жүктілікті болдырмау, 35 жастан кейінгі жүктілікті болдырмау, күтпеген жүктілік (қауіпті жасанды түсіктер) жатады. Бұлардың барлығы ана өлімі мен мүгедектікті қысқартады, бала өлімін азайтады.

Жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау

үлкен әлеуметтік маңызға ие. Жасөспірімдік кезең – бұл өмір бойы денсаулықты сақтауға көмектесетін білім, дағдылар мен құндылықтарды игерудің маңызды кезеңі. Репродуктивті және жыныстық денсаулықты сақтау үшін жасөспірімдерге ақпарат, өмірлік дағдыларды үйрету, жыныстық және репродуктивті денсаулық пен отбасын жоспарлау қызметтерін ұсынатын қолжетімді және медициналық-әлеуметтік қызметтер қажет. Ең алдымен, жасөспірімдерге жыныстық және репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша кешенді профилактикалық білім қажет, бұл олардың мінез-құлқына қатысты жауапты шешімдер қабылдауға, сондай-ақ зорлық-зомбылықсыз және өзара құрмет пен гендерлік теңдікке негізделген қарым-қатынастарды құру үшін ақпарат-білімге және дағдыларға үйретеді.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығына ең басты қауіптері – салауатты өмір салтын ұстанбау, зиянды заттарды (алкоголь, есірткі, темекі шегу) қолдану, сондай-ақ жыныстық өмірді ерте бастау және контрацепция әдістерін жеткіліксіз қолдану. Дені сау



сәби дүниеге келуі үшін кез келген адам өзінің репродуктивті денсаулығын қалай сақтау керегін жас кезден білуі керек.

Репродуктивті денсаулық адамның жалпы әл-ауқатында шешуші рөл атқарады. Денсаулықтың бұл аспектісі адамның жүкті болу, жүктілік, босану және ұрпақты болу қабілетін сипаттайды. Репродуктивті денсаулықтың қалыптасуы жүктілікті жоспарлау сәтінен емес, адамның дамуының алғашқы жылдарынан басталады.

Репродуктивті денсаулықты қалыптастырудың негізгі факторларының бірі – салауатты өмір салты. Тұрақты жаттығулар, дұрыс тамақтану, темекі шегу және алкогольді ішімдіктерге әуестік жаман әдеттерден бас тарту дененің оңтайлы жұмысын сақтауға көмектеседі. Физикалық белсенділіктің болмауы және дұрыс тамақтанбау семіздікке, гормоналды теңгерімсіздікке және репродуктивті денсаулыққа теріс әсер ететін басқа

мәселелерге әкелуі мүмкін. Стресс, депрессия және басқа психологиялық проблемалар циклдің бұзылуына, бедеулікке және басқа асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан демалуға, стресспен күресудің жолдарын табуға және эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік беру маңызды.

Репродуктивті денсаулықты сақтау үшін үнемі медициналық тексеруден өту өте маңызды. Дәрігер проблема-ларды ерте кезеңдерде анықтап, тиімді емдеуді ұсына алады. Мұндай шаралар репродуктивті денсаулыққа байланысты көптеген проблемаларды болдырмауға көмектеседі.

Репродуктивті денсаулыққа қамқорлық жасау – бұл сіздің және сіздің отбасыңыздың болашағына ұзақ мерзімді инвестиция екенін есте ұстаған жөн. Салауатты өмір салты, үнемі тексерулер және өз эмоцияларыңызға назар аудару дененің оңтайлы күйін сақтауға және сау тұжырымдама мен жүктілік процесінің мүмкіндігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Есіңізде болсын, бүгін өзіңізге қамқорлық жасау – болашақта бақыт пен денсаулықтың кепілі.

С.ТАСМАҒАНБЕТОВА,

Облыстық жастар денсаулығы орталығының директоры

МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ АУАДАН ДА ЖҰҒАДЫ



Маймыл шешегі – жұқтырған адамдардан немесе жануарлардан ауа тамшылары немесе тұрмыстық байланыс арқылы берілетін жедел вирустық ауру. Маймыл шешегіне алғаш рет 1958 жылы макакаларда диагноз қойылды, олардың терісінде табиғи шешекке ұқсас бөртпелер табылды. Қазіргі уақытта маймыл шешегінің ең көп таралған табиғи тасымалдаушысы – кеміргіштер, ең алдымен тропикте тұратын африкалық жолақты және күн тиіндері. Олардан басқа жануарлар, соның ішінде маймылдар инфекцияны жұқтыруы мүмкін.

Маймыл шешегі Батыс Африка елдерінде кең таралған (Конго Демократиялық Республикасы, Конго Республикасы, Камерун,

Орталық Африка Республикасы, Нигерия, Кот-д'Ивуар, Либерия, Сьерра-Леоне, Габон және Оңтүстік Судан). Инфекция ең алдымен ауа тамшылары арқылы, сондай-ақ ауру адамның қанымен немесе олардың биологиялық сұйықтықтарымен байланысқанда немесе ауру жануардың етін кесіп жеу арқылы таралуы мүмкін.

Инкубациялық кезең 7-ден 19 күнге дейін созылады. Ауру өткір, кенеттен басталады, дене температурасының жоғарылауы, бас ауруы және бұлшықет ауруы, бас айналу, жүрек айну, құсу да мүмкін. Аурудың 3-4-ші күнінде бөртпе пайда болады, алдымен бетінде, содан кейін қолында, содан кейін денені жабады. Ол диаметрі шамамен 6-10 мм дақтың пайда болуынан басталады, содан кейін бұл жерде папула пайда болады, ол кейіннен мөлдір мазмұнмен толтырылған көпіршікке айналады, содан кейін қыртыс пайда болады, содан кейін тыртық қалады. Бұл кезде науқастың жағдайы күрт нашарлайды, тахикардия пайда болады, тыныс алу жиілейді, қан қысымы төмендейді, содан кейін науқастың жағдайы біртіндеп жақсарлады. Аурудың жеңіл түрлері де байқалуы мүмкін, онда жалпы жағдай қалыпты болып қалады. Аурудың жалпы ұзақтығы – 2-3 апта.

Маймыл шешегінің арнайы емі жоқ. Ауру

жұқтырған адамдарға төсекке жатуға, көп сұйықтық ішуге және бөртпелерді тырнамауға кеңес беріледі.

Аурудың алдын алу үшін келесі профилактикалық шараларды сақтау ұсынылады:

- шет елдерге барған кезде жабайы жануарлармен (приматтар, кеміргіштер) байланыста болмау;
- өздігінен және көшедегі сауда орындарында тамақтанбау, тек мұқият термиялық өңдеуден өткен етті (өнімдерді) жеу;
- адам көп жиналатын орындарға барған кезде жеке профилактикалық шараларды қолданыңыз;
- жеке гигиена ережелерін сақтау;
- егер сапарлардан қайтып келгеннен кейін 3 апта ішінде өзіңізді нашар сезінсеңіз, дене қызуыңыз көтерілсе немесе бөртпе (қызару, көпіршіктер және т.б.) пайда болса, жақын жердегі медициналық мекемеге шұғыл хабарласыңыз, оларға шетелде болғаныңыз туралы міндетті түрде хабарлаңыз.

М.В.ШКУНОВА,

Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Астана қаласының санитариялық-карантиндік бақылау бөлімі Қызылорда қ. СКБ-нің бас маманы

ЖАСТАРҒА СЕНІМ ЖЕТПЕЙДІ

Басы 1-бетте

Бұл мақалада біз Қазақстан жастарының қоғамдық-саяси белсенділігін аз-кем зерттеп көрдік. Негізге 1200 респондент қамтылған жаңа ұлттық сауалнама алынып, еріктілік, үкіметтік емес ұйымдарға қатысу және онлайн-қатысу арналары талданды. Салыстырмалы көрініс үшін АҚШ-тағы Black Lives Matter, Еуропадағы Fridays for Future, сондай-ақ Оңтүстік Корея мен Жапонияның цифрлық мобилизация тәжірибелері қарастырылды. Сонымен бірге, көрші мемлекеттер Қырғызстан, Украина және Грузиядағы жастардың саяси ықпалы туралы да тілге тиек етпекііз.

Қазақстандағы қазіргі ахуал

Қазақстандық әлеуметтік зерттеу нәтижелері жастардың азаматтық қоғамдағы орнына қатысты сенім барын көрсетеді. Жоғарыда аталған сауалнама нәтижесіне сәйкес респонденттердің 59,8%-ы жастардың ролін жоғары бағалағаны анықталды. Зерттеу қорытындысында жастардың соңғы жылдары азаматтық бастамаларға, үкіметтік емес ұйымдарға, экологиялық, әлеуметтік және саяси жобаларға қатысуы айтарлықтай өскені атап өтілген. Әсіресе 18–28 жас аралығындағы жастардың белсенділігі жоғары. Олардың 63,7%-ы жастардың азаматтық қоғам дамуына үлес қосатынына сенім білдірген. Екінші жағынан, 61 жастан аскандардың небәрі 20,1%-ы ғана жастардың роліне сенім артады. Бұл қарым-қатынастың айырмашылығы қоғамдағы ұрпақтық дискурсты көрсетеді.

«Жасыл ел», «Болашақ» бағдарламалары мен өңірлік жастар парламенттері Қазақстан жастарының әлеуетін көрсетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды «әділетті, таза әрі қуатты Қазақстанды құруға нақты үлес қосып жатқаны» үшін мақтап, «Сіздер барлық салада белсенді түрде еңбек етіп жатсыздар» деді. Аймақтарда да жастар бастамаларын қолдау шаралары көбейген. Дегенмен, сайлауға қатысу сияқты дәстүрлі саяси іс-шараларға жастардың тартылуы шектеулі. Бұған дейінгі зерттеулер көрсеткендей, соңғы парламент сайлауында жастардың үштен бірі ғана дауыс берген және 4,7%-ы ғана саяси петицияға қол қойған. Бұл азаматтардың 20,6%-ы саяси әрекетке болашақта араласуға ниетті екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жастардың жалпы 40,5%-ы еріктілік қозғалыстарына сенім арта-тыны белгілі, бұл демографиялық өзгерістерге қарамастан жастардың қоғамға атсалысу ұмтылысының белгісі. Жастардың әлеуметтік белсенділігі әлем елдерінде түрлі формаларда көрініс табады. Мәселен, АҚШ-тағы Black Lives Matter қозғалысы саяси теңдік пен нәсілдік әділеттілік үшін



жастарды жұмылдырып, жастардың араласуы жоғары екендігін көрсетті. Pew зерттеуі 13–17 жастағы американдық жасөспірімдердің 70%-ы BLM қозғалысына қолдау білдіргенін анықтады. Бұл АҚШ жастарының тең құқық үшін күресте үміт артуға болатынын көрсетеді. Еуропада климаттық өзгеріспен күреске бағытталған Fridays For Future қозғалысы кең тараған, онда мыңдаған жастар жексенбі сайын үкіметтердің қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейтуді талап етіп шеруге шығады.

Оңтүстік Корея мен Жапония елдеріндегі жастар да технологиялық құралдар арқылы белсенді екенін көрсетуде. Мысалы, желідегі ұйымдасқан науқандар, яғни онлайн-петициялар, граждандық хакатондар мен жаппай шерулер өткен. Оңтүстік Кореядағы «шам шеруі» (candlelight protests) сияқты қозғалыстарда жастар интернет пен әлеуметтік желілерді тиімді қолдануының үлгілері байқалған.

Көрші мемлекеттердегі жағдай қалай?

Көршілес елдерде де жастар белсенділігінің өзіне тән тәжірибелері бар. Қырғызстанда 2020 жылғы парламент сайлауы кезіндегі наразылықтарда жастар қозғалысы басты рөл атқарды – белсенділер «балғындар революциясы» деп атаған оқиғаларда қатысқан. Зерттеушілер атап өткендей, 2017 жылы сайлауға қатысқандардың 50%-ы болса, жастардың қатысуы 30% шамасында ғана болған. Алайда 2020 жылы жастардың белсенділігі күрт өсіп, олар митингилердің «қозғаушы күші» болды. Қырғызстандық саяси сарапшылар да жастардың ендігі таңда саясатқа араласатынын айтады. Ал Украинада азаматтық белсенділік волонтерлік қолдауда көрінді. Онда 2022 жылы соғыс басталғалы Украиналық сауалнама 86%-ға жуық респонденттің қарулы қарсылықты қолдауға бағытталған

гуманитарлық іс-шараларға араласқанын көрсеткен. Қазіргі уақытта Украинадағы көптеген жас азамат еріктілер қозғалысына қатысады және қоғамды қолдау үшін түрлі бастамалар ұсынуда. Грузиядағы 2003 жылғы «Тәтті революцияны» жастар бастады, бірақ жаппай белсенділікке қарамастан жастардың ресми саяси іс-шараларға қатысуы салыстырмалы түрде төмен. Зерттеу деректері көрсеткендей, шағын халық құрамына қарамастан, Грузияның жастарында дәстүрлі саяси және азаматтық қатысу деңгейі әлісіз болып отыр. Олардың көбісі сайлауға бармауды, бірақ онлайн-петицияларға қол қоюды ұнатады.

Бүгінгі буынның бәсі қандай?

Елімізде жастар ұйымдары мен бағдарламалары белсенді дамып келеді деуге негіз бар. Мысалы, «Жасыл ел» экологиялық жастар қозғалысы мен «Болашақ» білім гранттық бағдарламасы жастардың әлеуетін арттыруға бағытталған. Жастар қоғамдық ұйымдарға, волонтерлік жобаларға қатысуды көптеп қолға алып, әлеуметтік желі арқылы өз үндерін жеткізуде. Қазақстандық қоғамдық даму институтының зерттеуі жастардың әлеуметтік желілерде белсенді екендігін, жаңа форматтарда (онлайн петициялар, азаматтық қозғалыстар, волонтерлік) қоғаммен араласып жатқанын атап өткен. Мәліметтер бойынша, Қазақстан жастары демократиялық процестерге қызығушылық танытып, азаматтық бастамаларды қолдауға бейім. Олардың 54,7%-ы демократияны жақсы басқару әдісі деп қабылдайды. Сонымен қатар, жастардың 40%-дан астамы волонтерлік қозғалыстар мен ұйымдарға сенім артады. Осылайша, Қазақстан жастарының әлеуеті негізінен азаматтық қоғам институттарында, волонтерлік бастамаларда және ақпараттық науқандарда көрінеді. Қоғамдық

бастамаларды белсенділік танытып жүрген жастардың бірі Диас Бекмұрат замандастарының ел дамуы жолында оң ықпал ете алатынын атап өтті.

– Қоғамдық бастамаларға белсенділік танытып жүрген жастардың бірі ретінде айтарым, бүгінгі жас буынның әлеуеті зор. Қазір замандастарым волонтерлікке, әлеуметтік жобаларға, түрлі қоғамдық науқандарға белсене қатысып жүр. Өзім де осы салада тәжірибе жинап, елдік мүддеге үлес қосып жүрген жас ретінде жастардың қоғамдағы өзгерістердің қозғаушы күші екеніне сенемін. Тек оларға сенім артып қана қоймай, нақты қолдау көрсетілсе, жастардың әлеуеті әлдеқайда артып, ел дамуына тың серпін берері сөзсіз, – деді ол.

Дегенмен жастардың белсенділігінде де кедергілер бар. Оларға арналған ресурстар мен тәжірибе жеткіліксіз болуы мүмкін. Кейбір сарапшылар олардың саяси мәдениеті мен білім деңгейі әлеуетті толық пайдалануға кедергі келтіретінін

арнайы механизмдер қажет. Ұлттық және жергілікті жастар кеңестерін құру, сайлау заңында жастарға квота бөлу, форумдар ұйымдастыру – жастардың пікірін шешімге енгізетін жолдардың бірі. Электрондық демократия элементтерін кеңейту (онлайн-петициялар, ашық деректер порталдары) жастарды ел басқаруға белсенді араластыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде азаматтық тәрбие мен медиа сауаттылықты күшейту арқылы жастардың қоғамға деген қызығушылығын арттыру маңызды. Мемлекет пен үкіметтік емес сектор жастарға гранттар, жаттықтырушылар мен менторлар арқылы қолдау көрсетіп, жастар ұйымдарының әлеуетін нығайтса, белсенді буынның мүмкіндігі едәуір кеңейеді. Осылайша, нақты қадамдар жасалса – мәселені анықтап, оған бағытталған шаралар қабылданса – Қазақстан жастарының ролі шынымен де қоғамдағы маңызды өзгерістердің қозғаушы күшіне айналады.



Сурет ашық деректерден алынды

айтады. Сауалнама нәтижесінде орташа бағалағандар (16,8%) жастар білімінің, ақпараттылығының жетіспеушілігі мен саяси жүйеге сенімсіздігі әсерінен белсенділігінің төмен болуы мүмкін екенін айтқан. 25,8% жастардың ролін төмен бағалағандар оларды уақытша құбылыс деп санайды және жастар бастамаларына консервативті көзқараста. Егде жастағы респонденттер көбінесе «тәжірибесіз» немесе «тиімсіз» деп бағалап, жастардың әлеуметтік бастамаларына күмәнмен қарайды. Сондай-ақ жастар ұйымдарының әлісздігі мен қаржыландыру тапшылығы – әкімдіктер мен үкіметтік емес сектордағы жастар жобаларын кеңінен қолдамаудың бір себебі. Бұл проблемалар жастардың қоғамдық ұйымдарда тұрақты тәжірибе жинауына және саяси шешім қабылдауға араласуына бөгет болады.

Сарапшылардың пікірінше, жастарды саяси шешімдерге тарту үшін

Қазақстан жастарының азаматтық қоғамдағы рөлі бар күшті әлеуетке ие. Олар экологиялық және әлеуметтік бастамаларға атсалысып, волонтерлік және онлайн-ұйымдасу арқылы қоғамның қозғалтқыш күші болмақ. Дегенмен, осы потенциалды толық пайдалануға жастар ұйымдарына қолдау, тәжірибе мен білім беру қажет. Жастар өзекті мәселелерді шешуге ықпал еткісі келеді, олардың таланты мен құлшынысы жетеді. Ендеше, мемлекет пен қоғам бар күшін салып, жастарды шешім қабылдау процесіне тарту керек. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, жастар – өзгерістердің қозғаушы күші, олардың белсенділігіне қолдау көрсеткен ел алға адымдайды деген үміт басым.

Ердаулет ҚАЛИ, журналист

ШҰҒЫЛ ЖИНАЛЫСТА БАЛАЛАРДЫҢ ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балалардың жол қауіпсіздігі бойынша шұғыл жиналыс өткізді. Оған құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалармен департамент басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы жеке балабақшаның тасымал көлігінің жол-көлік оқиғасына ұшырауы жауапты сала басшыларының жұмысты дұрыс үйлестірмеуінен болғанын қатаң сынға алып, тиісті шара қабылдауды тапсырды.

«Бұған дейін жеке жеке мемлекеттік балабақшалардағы, мектептердегі тасымал мәселесі, балалардың жол қауіпсіздігі бойынша қала және аудан әкімдеріне, полиция департаментіне, білім басқармасына бірнеше рет тапсырмалар берген болатыным.

Дегенмен, жұмыс әлі күнге дейін өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылмады.

Жеке балабақшалардың тасымал көліктерінде орын алып жатқан занбұзушылықтар полиция органдары тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

Қызылорда қаласы мен барлық ауданда ашылған



Жедел басқару орталықтарының, әсіресе патрульдік полицияның жұмысын күшейту қажет. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты жағдайды қатаң бақылауда ұстаңыздар!

Өңіріміздегі барлық білім беру ұйымындағы тасымал мәселесін шұғыл түрде жан-жақты тексеріп, талаптарға

дікті қатаң бақылауға алып, тұрақты түрде рейд ұйымдастырыңыздар», – деді Н.Нәлібаев.

Жиналыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ергешов баяндама жасады.

ІІМ бекіткен бұйрыққа сәйкес, балалар тасымалымен айналасатын кө-



сай келмейтіндерді анықтап, тиісті шаралар қабылдаңыздар.

Жол қауіпсіздігін, оның ішінде білім беру ұйымдары аумағындағы қауіпсіз-

ліктер екі есікті, ұстау құрылысы және «Балалар тасымалы» деген жазуы бар, сары түсті жаркылдауық маякпен жабдықталған болуы тиіс.

Осы бұйрықтың орындалуын тексеру барысында 29 заңды тұлғаға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 474-бабымен әкімшілік хаттама рәсімделіп, 75 көлік айып алаңына қойылса, 58 көліктің мемлекеттік белгісі тәркіленді.

Жер басынан тасымалдау ережесін бұзған жүргізушілерге қатысты 800-ге жуық әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Рейд жыл аяғына дейін жалғасады.

Сондай-ақ, жиналыста білім, мәдениет, спорт басқармаларына, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне балалардың қауіпсіздігін тек білім беру ұйымдарында ғана емес, спорттық, мәдени-көпшілік шараларға қатысқан кезде де қатаң бақылауға алу міндеттелді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, Мемлекет басшысының жолдауымен бірінғай цифрлық платформаны енгізуге қатысты тапсырмасын орындау мақсатында мәжіліс өткізді.

БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Мәжіліске салалық басқарма басшылары мен оған қарасты мекемелердің директорлары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, әлеуметтік салаға жауапты орынбасарлары мен тиісті мамандар қатысты.

Министр Бірыңғай цифрлық платформаны енгізу бойынша өңірде атқарылған жұмыстарды тыңдап, әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру бағытындағы мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің жана моделін талқылады.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов сөз алып, аймақта әлеуметтік сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі – әлеуметтік көмекті тек шын мұқтаждарға бағыттау және әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік қолдауларды бірінғай цифрлық платформа арқылы біріздендіру болып табылады. Біздің мақсатымыз – әрбір азаматтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырып, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту. І қыркүйектегі жағдай бойынша облыс бюджетінің

көлемі 829,2 миллиард теңгені құрайды.

Әлеуметтік салаға жұмсалған жалпы шығыстың 477,5 миллиард теңгесі бөлінді, бұл жалпы бюджет шығыстарының 58 пайызын құрайды. Әлеуметтік салаға жұмсалған шығыстар құрылымында білім саласы ең үлкен үлеске ие.

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға 53,6 миллиард теңге, мәдениет және спорт саласына 52,9 миллиард теңге, денсаулық сақтау саласы 35,8 миллиард теңгеге қаржыландырылды. Осылайша, өңірдің жүргізіліп жатқан бюджет саясатының әлеуметтік бағытын растайтын әлеуметтік міндеттемелердің басымдығы сақталды, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кету керек, енді отбасының әл-ауқат деңгейі 23 әлеуметтік-демографиялық және экономикалық критерийлер бойынша анықталатын болады. Қосымша қолдау шараларына өтініш білдірген барлық отбасылар 6 санатқа жіктеледі. Шешім отбасының цифрлық қаржы арқылы жиналған объективті деректер негізінде автоматты түрде қабылданады.

Өңірлік Коммуникациялар қызметі

ЖҮЗІКТІ ҚАЙ САУСАҚҚА ТАҚҚАН ДҰРЫС?

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Әдетте, адамдар таңдаған жүзiгiн қай саусаққа тағу дұрыс екенiнiң байыбына бара бермейдi. Шын мәнінде, жүзiктiң өз егесiне тiгiзер әсерi өте көп екен. Мұнда бұйымның сапасына ғана емес, қай саусаққа тағып жүретiнi де маңызды рөл атқарады. Тағып жүрген жүзiгiне қарап адамның мiнезiн, ойын оңай бiлуге болады. Сондай-ақ, тағылған жүзiк адамның мiнезiн өзгертiп, қиындықтан шығуына жәрдемшi де бола алады деседi.

Бас бармақтағы жүзiк – бұл жүзiктiң «әмiршiсi» өте қызғаншақ, бiрбеткей, тың идеяларға бай болып келедi. Олар топтан дараланып, көшбасшы болуға талпынып жүредi. Әрi айналасындағылармен тiл табысуға көп көңiл бөледi.

Психолог мамандар эмоционалды және энергияға бай жандарға бас бармаққа жүзiк салуға кеңес бередi. Өйткенi бас бармаққа тағылған жүзiк ойлау қабiлетiнiң дамуына ықпал етедi екен.

Сұқ саусақтағы жүзiк – аты айтып тұрғандай, оның қызметi – жол көрсетiп, өз әмiрiн жүргiзу, ой мен әрекеттi бағыттау, бұйрық беру. Әдетте,

сақинасын бұл саусаққа салып жүретiн адамдар еркiндiксүйгiш, тәуелсiз және өзiне тым жоғары баға беретiндер болып келедi. Егер жүзiк сұқ саусаққа жиi тағылатын болса, адам өзiмшiл және тәкаппар болып кетуi әбден мүмкiн.

Жүзiктi сұқ саусаққа жасқаншақ, ұялшақ және табиғатынан шегiншек, ортамен тiл табысуға қиналатын адамдарға тағуға кеңес берiледi. Өйткенi сұқ саусақтағы жүзiк өзiне деген сенiмдiлiк тудыруға, көшбасшылық қасиеттердi ұялатып, мақсат қоя бiлуге және өзiне баға бере бiлуге үйретедi.

Ортанғы саусаққа тағылған жүзiк иесi адамгершiлiк құндылықтарды бiледi және жоғары бағалайды. «Адалдық» деген ұғымды асқақ тұтады.



Айналасын-дағыларға «қстаз» болуға жарайды. Ал кейде аталған саусаққа сақина салып жүргендi ұнататындар тұйық және жалғыздыққа құмар болып келедi.

Өмiрде қиындыққа жолығып, сәтсiз-дiкпен жолдас болып жүргендерге, тұрақ-тылық пен ақыл жетiспей, сарсаңға түсiп жүргендерге жүзiктi ортанғы саусаққа тағуға кеңес берiледi.

Аты жоқ саусаққа адамдар неке жүзiгiн ғана тақпайды. Тұрмыс құрып, шаңырақ көтермесе де аты жоқ саусаққа жүзiк тағатын адамдардың жан дүниесi романтикаға бай һәм нәзiк болып келедi. Олар ерекше әрi қайталанбас нәрселерге, салтанатқа, сезiмге құштар адамдар. Көбiне аты жоқ саусаққа сақинаны шығармашылық адамдары салып жүредi екен.

Мамандар iшкi жылулықты күшейтуге талпынып, сәттiлiкпен жолдас болуды армандайтындарға, өз дарынын мойындатып, шығармашылықтың биiгiне шыққысы келетiндерге тағуға кеңес бередi.

Шынашақтағы жүзiк – бұл адамның актер, суретшi, жазушы немесе дизайнер болуы әбден мүмкiн. Ал кейде оның құмар ойындарды ұнатушы, жанкештi немесе әйелқұмар жiгiт болуы да ықтимал. Өйткенi жүзiктi шынашаққа қарапайым адамдар сала бермейдi. Қалай болғанда да, олар көпшiл, тез тiл табыскыш болып келедi.

Адамдарды түсiнуден мақұрым қалған және iскерлiк қатынастарды орнатуда жолы болмай жүргендерге шынашақтарына сақина салып жүруге кеңес берiледi.

А.МАРАТҚЫЗЫ

• Сiз бiлесiз бе?

Адам өмiрге келген ай оның мiнез-құлқы, энергиясы, шығармашылық қабiлетi мен әлемдi қабылдау ерекшелiгiне әсер етедi деген сенiм ежелден қалыптасқан. Астрология мен психология зерттеулерi бойынша, туған айымыз бiзге тек сипат, көңiл-күй ғана емес, сонымен бiрге белгiлi бiр түстiк энергия да бередi. Бұл түстер адамның iшкi дүниесiн, өмiрлiк миссиясын және қоршаған ортамен қарым-қатынасын бейнелейдi.

Сiз қантарда тудыңыз ба, әлде шiлде айында ма? Туған айыңыз тек күн мен айды көрсетпей, сiздiң мiнезiңiздi, энергияңызды және өмiрге деген көзқарасыңызды да сипаттайды. Ендеше әр айға тоқталсақ.

Қаңтар – сенiмдiлiк пен тұрақтылықтың бейнесi. Бұл уақытта туған жандардың нақты бағытын, iшкi үйлесiмi мен сенiмдiлiгiн көк пен сұр түс айқындайды. Сондықтан күнделiктi киiмде немесе жұмыс кенiстiгiнде көк пен сұр түстi элементтер қосуға кеңес беремiз.

Ақпанда туғандар шығармашылыққа жақын, интуициясы мықты болады. Ал iшкi тепе-теңдiктi сақтау үшiн қою жасыл мен күлгiн түстердi қолдануға кеңес бередi. Жаңа идеяларға ашық болып, интуицияңызды тыңдаңыз.

Қар ерiп, шуағын шашқан наурыз келгенде туғандар нағыз мейiрiм пен үмiттiң бейнесiндей. Оларға жасыл мен ашық сары түстер эмоциялық тепе-теңдiктi сақтауға көмектеседi. Ал табиғатқа шығу немесе сары аксессуар кию көңiл-күйдi көтередi, оптимизмдi арттырады.

Қызыл және қызғылт сары түстер сәуiрде дүниеге келгендердiң энергиясын көрсетедi, шабыттандырады әрi максатқа жетуге итермелейдi.

«Мамырлықтар» – тұрақтылық пен әсемдiктiң бейнесi. Сәйкесiнше оларға да жасыл және ашық түстер iшкi тыныштығын, гармония сақтауға көмектеседi.

Маусым – iкемдiлiк пен коммуникация. Ашық көк және ақшыл сары түстер шығармашылық ойларды оятады және әлеуметтiк байланыстарды нығайтады. Кеңес: күнделiктi қарым-қатынастарда осы түстердi қолданыңыз.

Шiлде – сезiмталдық пен қамқорлық. Көк пен ақ түстер эмоционалды тепе-теңдiктi сақтауға көмектеседi.

Тамыз – көшбасшылық пен амбиция. Қызғылт сары және алтын түстер сенiмдiлiктi арттырады, өмiрге белсендi көзқарас бередi.

Ал күзде дүниеге есiгiн ашқандар талғампаздық пен жүйелiлiктi бейнелейдi. Қыркүйекте туғандарға көк және жасыл түстер ой жинақтауға көмектеседi. Кеңес: көк және жасыл түстi заттарды күнделiктi жоспарлауда немесе оқуда пайдалану тиiмдi, ойыңызды нақтылайды.

Қазан – гармония мен әлеуметтiк байланыс. Бұл айдың перзенттерiнiң басты түсi қоңыр. Ал қарашада туғандардың бойында тереңдiк бар. Сондықтан қою күлгiн түстер iшкi сенiмдiлiгiн арттырады.

Жыл соңында туғандардың бойында оптимизм мен жақсы энергия көп. Сол үшiн желтоқсанда өмiрге келгендер үшiн қызыл және алтын түстер рухты көтередi, белсендiлiктi арттырады. Кеңес: күнделiктi өмiрде қызыл және алтын түстi элементтердi қолданыңыз, энергия мен оптимизмдi күшейтедi.

Әр айда дүниеге келген адамдардың энергиясы мен түстерi олардың мiнез-құлқы, өмiрлiк құндылықтары және қоршаған ортамен қарым-қатынасына ерекше рөл бередi. Өз туған айыңыздың түстерiн өмiрiңiзге қосу – iшкi гармония мен рухани байлыққа жетудiң бiр жолы. Киiмде, интерьерде немесе күнделiктi iс-әрекетте осы түстердi пайдаланып, өз энергияңызды оятып, өмiрiңiздi үйлесiмдi етуге болады.

Туған айыңыздың энергиясын түсiну – өзiңiздi танудың, қабiлеттерiңiздi дұрыс бағытта пайдаланудың және өмiрде тепе-теңдiкке жетудiң кiлтi.

«АЖ» ақпарат



15 МЫҢ ЖЫЛДЫҚ МАМОНТ СҮЙЕГІ ТАБЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының топырағынан тағы да тарихтың терең қатпарларын ашатын тың дерек табылды. Бұл жолы Бәйтерек ауылының маңынан көлемі адам сенгісіз алып мамонттың жіліншік сүйегі қазып алынды. Ұзындығы бір метрден асатын бұл сүйек ғылым үшін де, өлкенің тарихы үшін де құнды жаңалық болып отыр.



Балық аулаудан басталған оқиға

Бескөл ауылының тұрғыны Әсет Шайкин жазғы күндердің бірінде балық аулауға шығады. Табиғаты әсем Есіл өзенінің жағалауында жүріп, сол төңіректен ерекше сүйекті байқап қалады. Әуелде аң-құстың сүйегі шығар деп ойлаған ол топырақты аршып қарағанда, ұзындығы бір метрден асып түсетін жуан жілікке тап болады.

Табылған сүйектің көлемі мен салмағына қайран қалған ауыл тұрғыны уақыт жоғалтпай, бұл туралы белгілі археолог, тарих ғылымдарының кандидаты, Манаш Қозыбаев атындағы СКУ профессоры Анатолий Плешаковқа хабар береді.

Ғалым пікірі: бұл – алып мамонттың жілігі

Археолог Анатолий Плешаков сүйек табылған жерге арнайы барып, алғашқы зерттеу жұмыстарын жүргізген.

– Бұл – 15 мың жыл бұрын өмір сүрген алып мамонттың жіліншігі. Жатқан қалпына қарасақ, сүйек өз орнынан қозғалып кетпеген, демек толық қаңқасы сол маңда сақталған болуы мүмкін. Әдетте адамдар мұндай жәдігерлерді тауып алып, үйінде сақтайды. Бірақ олар уақыт өте үгітіліп, құл-талқан болады. Әсет табылған сүйекті бізге тапсырғаны – өте құптарлық іс, – дейді ғалым.

Профессордың айтуынша, Бәйтерек ауылының маңынан бұрын да мамонт сүйектері табылған. Жалпы Есіл өзенінің бойы – палеонтологиялық тұрғыдан аса бай аймақ. Бұл жолғы табылған жәдігердің ерекшелігі – оның ірі көлемінде.

Неге сенсация?

Анатолий Плешаков бұл олжаны кездейсоқ табылған сүйек емес, үлкен ғылыми жаңалық деп санайды.

– Мұнда мамонт қаңқасының басқа бөліктері де болуы әбден мүмкін. Тіпті жануарларды аулауда қолданылған алғашқы адамдардың еңбек құралдары табылып қалса, бұл Солтүстік Қазақстандағы алғашқы палеолит ескерт-

Теледидарды қосып едім. Ойынның 63-ші минуты жүріп жатты. Доп бір қақпадан екінші қақпаға зулап барады. Комментатордың «қазір гол салады! Міне! Міне!» деген сөзі жанкүйерді одан сайын қызықтырды...

Мен журналистика мамандығын таңдадым. Әсіресе, спортшылар жетістігінің жаршысы, саладағы мәселені де орынды көтеретін журналист болғым келеді. Анығында спорт комментаторы болуды қалаймын. Кішкентайымнан футбол ойындарына қызығып, тек көру аз екенін, оны халыққа жеткізу үлкен өнер екенін түсіндім. Футбол – жанкүйерге қуаныш пен қайғыны қатар сыйлайтын ғажайып спорт. «Жанкүйер – жанды рух» дейді халық. Ал сол рухты тірілтетін – комментатор. Оның сөзі қысқа да нұсқа, анық та әсерлі болуы керек. Әр сөйлемінде сезім, әр сөзінде шындық жатуы шарт. Қазақстанда спорт журналистикасы дамып келеді. Ермұхаммед Мәулен мен Еркін Ерік сияқты танымал комментаторлар кәсібилігімен үлгі болып жүр. Олардың эмоцияға толы сөзі мен еңбекқорлығы маған шабыт береді. Қазақстанның жас ойыншылары жеңіске жеткенде, сол қуанышты халықпен бөлісу – арманым. Комментатор – жай ғана хабаршы емес, ол ойын мен жанкүйерді жалғайтын эмоцияға толы көпір. Оның міндеті – жанкүйерге сезім сыйлау, ойынның рухын жеткізу. Сондықтан менің арманым – халыққа шынайы ақпарат тарату.

Доп зуылдап қақпаға дәл түсті. Көрермендер орнынан атып тұрып, «Го-о-ол!» деп шулай жөнелді. Комментаторлар да, ойынның ең қызықты сәтін әсерлі жеткізуде. Барлығы қуанып, бір-бірін құшақтап жатыр. Стадиондағы осы бір көпшіліктің қуанышы мені ерекше әсерге бөледі. «Қайтсем де, осы алаңға спорт комментатор болып ораламын» деп армандап үйге қарай қайттым.

Абылай ЖАҢАБЕРГЕН,

Ақселеу Сейдімбек атындағы

№54 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы, Астана қаласы.